# Алатау

Газет 2001 жылдың 7 тамызынан шыға бастады

№9 (908)

08.03.2019

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat


МЕРЕКЕ

## Жүрегі - шуақ, жаны - нұр

*Көктем келсе, Жер-Ананың тұла бойы бусанып, жанды-жансыз жаратылыстың бәріне мейірін төге алақанына салып аялап тұрғандай көрінеді. Нәзіктік пен сұлулықты бойына жиған әйел заты мерекесінің де осы мезілмен тұспа-тұс келуі — табиғаттың тылсым заңы іспетті. Ана деген ардақты атты иеленген ұлық кісі де осы бір Жер-Анадай өз баласына алпыс екі тамырын идіріп, шуағын шашып тұрмай ма?! Наурызек келіп, көктемнен хабар берігенде қытымыр қысты ұзатып салып, көктем-келін түсірген қазақ даласында тойдың нышаны байқалады. Сол тойдың басы — әйелдер қауымы мерекесімен шын жүректен құттықтап, жылы лебізімізді білдіргіміз келеді.*



*Әуелден әйел баласы шаңырақтың бірлігін нығайтып, отбасының берекесін кіргізетін аяулы жан. Тәуелсіз еліміздің бүгінгі күнге нығайып, әлем таныған абыроймен жетулеріне асыл аналарымыз бен әпке-сіңлілеріміздің өлшеусіз үлес қосқандығы ақиқат. Ошақ қасы мен бала тәрбиесін қоғамдық жұмыстармен қоса атқара жүріп, қоғамдағы тұрақтылық пен ел бірлігін сақтау мәселесінде шешуші рөл атқарып келеді.*

*Әр шаңырақтың ұйытқысы болып, шаттық пен бақыт, денсаулық пен тыныштық орнаған әлемде ғұмыр кешіп, сол әлемді одан әрі сұлуландыра түсіңіздер дейміз. Өмірдегі әйел жаққан шырақ ешқашан сөнбесін!*

*Тіршіліктің тұтқасын ұстап, теуелсіз еліміздің болашағы ұландарымыз бен қызғалдақтай қыздарымыздың қамқоршысы болып, гүлдей жайнап жүре беріңіздер! Әр күндеріңіз мерекеге айналып, бар арман-тілектеріңіз орындалсын!*



## ГҮЛДЕР

Гүлдер-гүлдер, қызғалдақ қырмызылар,
Жұпары жоқ тікенге кім қызығар.
Аспан асты шамдай боп жарқыраған,
Әркімнің аңсаған бір жұлдызы бар.

Бүрін ашып, күндей боп күлімдеген,
Қыз – қызғалдақ, білгенге шынымен.
Жылы сөзге жадырап жаны жылып,
Қатты сөзден жүрегі дірілдеген.

Жауқазындар жайқалып жарқыраған,
Тау суындай мөп-мөлдір сарқыраған.
Отанасы жылытқан отағасын,
Шындығында, арулар – алтын адам.

Жұпарымен тамсантқан айналаны,
Әркім сүйіп өз гүлін аймалады.
Гүл солмасын, тірлікте гүл тоңбасын,
Гүлдер солса, қурайға айналады.

Көктем шықса, қырда гүл дүркірейді,
Найзағай, от, күн тағы күркірейді,
Қыз мұңайса өмірдің қызығы жоқ,
Қызығы жоқ ғұмырда кім түлейді?!

Гүлдей нәзік, құлпырған көріктілер,
Гүлге ғашық, ес-түссіз бөріктілер.
Табиғатпен жаны егіз жауқазындар,
Көрген көзді еріксіз еліктірер.

**Айтақын БҰЛҒАҚОВ.**


Акцияның аяқталуына 13 күн қалды!

## Жазыл да, ҰТЫП АЛ!



I орын
Смартфон Samsung Galaxy A6



II орын
Шаңсорғыш
Bosch BGS05A220



III орын
Мультиварка
REDMOND RMC-M252



IV орын
Қысқатолқынды пеш
Elenberg MS-2011M



V орын
Блендер
Elenberg
HAT-9601E



VI орын
Миксер
Elenberg
SW-601

**Оқырмандар жүрегіне жол тапқан басылымды одан әрі насихаттау әрі көпшіліктің қызығушылығын тудыру мақсатында оқырмандарға арнап ұтыс ұйымдастырып отырмыз. Ұтыс ойынын «Қазпошта» АҚ-мен бірлесе отырып, наурыз айының соңында қорытындылайтын боламыз. Оқырмандар ақпан айынан бастап жазылса, газет келесі айдан бастап қолына тиеді.**

*Түбіртектің түпнұсқасын өзіңізде қалдырып, көшірмесін «Қазпошта» арқылы Талдықорған қаласы Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат мекенжайына жолдаңыз. Индекс: 040000. Немесе түбіртекті сканерден өткізіп, басылымның alatau_offset@mail.ru поштасына жіберуге болады. Сонымен қатар 87028817110 ұялы телефонына WhatsApp желісі арқылы жолдауға мүмкіндігіңіз бар. Қосымша ақпарат: 87714037399 нөмірінен ала аласыздар.*

***Ескерту:** ұтысқа тек 2019 жылы жазылғандар ғана қатыса алады.*


## АҢДАТПА


ТАЛДЫҚОРҒАНДЫҚТАРДЫ ТАҚЫРҒА ОТЫРҒЫЗҒАН АЛАЯҚ ▶ 4-бет

АҚ ЖАУЛЫҚТА КИЕ БАР ▶ 5-бет

АРУЛАР ЖЫРЛАЙДЫ ▶ 7-бет

ТАЙБУРЫЛДЫҢ ШАБЫСЫ-АЙ ▶ 13-бет

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# ШЕНЕУНІКТЕРДІҢ КІРІСТЕРІ МЕН ШЫҒЫНДАРЫ ЖАРИЯ ЕТІЛЕДІ

**Елімізде 2020 жылдан бастап мүлік есебін өткізу туралы заң күшіне енеді. Саясаткерлер, депутаттар, судьялар және тағы басқа мемлекеттік қызметкерлердің есебі көпшілікке жария етілмек. Ақпараттар мемлекеттік мекемелердің ресми сайтында орналастырылады.**

«2020 жылы мемлекеттік қызметкерлер мен депутаттар жаңа форманы толтырып, ақпаратты жариялайтын болады. Олардың мәлімдемелері ресми мекемелердің ашық көздерде сақталады деп болжануда», – деді Қаржы вице-министрі Руслан Еңсебаев.

Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы орынбасарының міндетін атқарушы Талғат Мамаевтың сөзінше, осы уақытқа дейін декларацияны тапсырғаннан кейін мүлкін жариялау немесе жарияламау ерікті болып келген.

Келер жылдан бастап декларациядан кейін мемлекеттік қызметшілерге мүлкін жариялау міндетті болады.

«Декларациядан кейін жеке мүлкі бойынша декларацияны жария ету - бүгінгі таңда ерікті. Ендігі жылдан бастап жалпыға бірдей декларацияға көшу кезінде мемлекеттік қызметшілер декларациясындағы мәліметтерді жария ететін болады», – деді ол.



Мүлкін жариялау міндетті мемлекеттік қызметшілер:

– саяси қызметшілер және олардың жұбайлары,

– «А» корпусындағы мемқызметшілер мен судьялар,

– Парламент депутаттары мен квазимемлекеттік мекемелердің басшылары.

**Алматы облысында ЛА 155/14 жабық мекемесі ішінде төбелес орын алып, жазасын өтеушілер Ұлттық ұлан сарбазын ұрып тастады. Қазірде 22 жас шамасындағы сарбаз аса ауыр жағдайда Қапшағай қаласындағы ауруханада жатыр.**

# СОТТАЛУШЫЛАРҒА ГЕРОИН ТАСЫМАЛДАДЫ



Төбелестің туындауына белгісіз біреулердің дуалдың арғы жағынан сотталушыларға лақтырған героині себепші болған. Құқық қорғаушылардың айтуынша, тыйым салынған затты түрме аумағына тастауға мекеме қызметкерлері рұқсат берген көрінеді. Мәселенің мәнжайын анықтау үшін прокуратура мен Ішкі істер министрлігі тергеу жүргізуде. Сотталушылар сарбазды тепкінің астына алып қана қоймай, таяғын тартып алып, сонымен де оңдырмай ұрған көрінеді.

Құқық қорғаушылардың айтуынша, бұл түзету мекемесіне есірткі заттары дуалдың арғы бетінен жиі лақтырады екен. 7 грамм героин мен екі стақан марихуананың мұнда қалай тап болғаны тексеріліп жатыр.

«Ұлттық Ұланның кезекшісі заңсыз әрекетті кеспек боп, ескерту жасаған. Сотталушылар бағынбай, қызметкерді жаралады. Қызметкер медициналық мекемеге жеткізілді. Көмекке келген жасақ арнайы күш құралдарын қолданып, сотталғандарды ұстап, тәртіптік изоляторға қамады», – дейді ІІМ ресми өкілі Нұрділдә Ораз.

# ОБЛЫС БЮДЖЕТІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛДІ

**Облыстың 2019-2020 жылдарға арналған бюджетіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді**



Бүгін облыстық мәслихаттың хатшысы Сұлтан Дүйсембіновтің төрағалығымен облыстың мәслихаттың VI шақырылымының кезектен тыс сессиясы өтті.

Жиында Алматы облыстық мәслихатының 2018 жылғы 13 желтоқсандағы «Алматы облысының 2019-2020 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» № 38-211 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы негізгі баяндаманы облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жомарт Әмірханов жасады.

Ж. Әмірхановтың айтуынша, нақтыланғаннан кейін облыс бюджеті 462,2 млрд теңгені құрады. Әлеуметтік бағыттағы өзгерістер мен толықтырулар облыстың одан әрі дамуына және мақсатты индикаторларға қол жеткізуге бағытталған. Бұл ретте көп балалы және аз қамтылған отбасыларды қолдауға ерекше назар аударылды.

Ол, сонымен қатар мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалары туралы да айтты. Мәселен, 2018 жылы жеке серіктестермен жалпы құны 28,9 млрд. теңге болатын 13 жобаға келісім жасалған. Оның ішінде тартылған инвестиция көлемі – 14,4 млрд. теңге. Бұл жобалар – білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, сол сияқты спорт пен энергетика салаларындағы жобалар. Биылғы жылдың портфеліне құны 87,5 млрд теңге болатын 29 жоба бар. Оның 3-еуі білім беру, 5-еуі – денсаулық сақтау, 7-еуі – энергетика және ТҮКШ, 3-еуі – спорт, 5-еуі – жол бойынша, 1-1-ден ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, туризм, мәдениет және қауіпсіздік салаларында.

Сондай-ақ сессия барысында Жомарт Әмірханов Алматы облысының 2018 жылғы даму бағдарламасының жүзеге асырылу қорытындылары туралы да баяндады.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, депутаттар тарапынан толық қолдау тапты.

# ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ ОҚУЛАРЫ ӨТТІ



**Қазақ әдебиетінің алып бәйтерегі, қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, драматург, әдебиет, театр зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ә.Тәжібаевтың 110 жасқа толуына орай облыстық байқау өтті.**

Байқаудың мақсаты қазақ тілінің көркемдік ерекшелігін, бай сөздік қорын Ә.Тәжібаев шығармашылығын насихаттау арқылы қазақтың тілі мен әдебиетіне, мәдениетіне деген жастардың ықыласын арттыру. Байқау екі кезеңде өткізіліп, көркем сөз оқу шеберлігін игерген 16-25 жас аралығындағы облыстың жастары қатысты.

Қазылар алқасы шешім шығару барысында келесі критерийлерді басшылыққа алды: көркем мәтінді таңдау және оқу шеберлігі; қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларын сақтауы; өлеңді мәнерлеп оқуы; сахнада өнер көрсету мәдениеті; актерлық шеберлігі. Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлері қазылар алқасының дауыс беру қорытындысы бойынша айқындалды. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері арнайы дипломдармен, алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Мүшәйраға жалпы білім беретін мектептердің 9-11 сыныбынан іріктеліп, студенттер, жеке тұлғалар, барлығы 20 адам аудандар мен қалалардан қатысты.Мәдени-шарада жас оқырмандар ақын өлеңдерін жатқа оқып, көрермендер шағын қойылымды тамашалады. Оқушылар ақынның өлеңдеріне жазылған «Сырдария», «Сыр туралы сыр», «Сандал», «Майра» поэмаларынан үзінді оқып, «Ақындық», «Қыз қиялы», «Ақын мен уақыт» поэзияларын жатқа айтты.

Байқау нәтижесі бойынша III орынды С.Демирел атындағы қазақ түрік университетінің студенті Аида Болат пен Қаратал ауданы Ж. Молдағалиев атындағы мектептің 11 сынып оқушысы Ерсұлтан Ертанов иеленсе, II орын Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік университетінің студенті Әділет Жаңғабылұлы мен Сарқандағы Ақын Сара атындағы орта мектептің 9-сынып оқушысы Құндыз Есболға бұйырды. I орынды қаламыздағы №2 мектептің 10-сынып оқушысы Сая Саятқа бұйырса, бас жүлдені Ақсу ауданы, Молықпай атындағы мәдениет үйінің әдіскері Еділ Нурахыман қанжығалады.

**Д. ДУАНБЕКОВА.**

## Әлем жаңалықтары

▪ Қазақстанның Делидегі елшілігінің өкілдері жерлестерімізге көмектесіп жатыр. Олар Үндістан мен Пәкістан арасындағы әскери және саяси қақтығыстың әсерінен елге қайтып ұшып келе алмады. Қазақстандық дипломаттардың айтуынша, 27 ақпанда Пәкістанның әуе кеңістігі жабылғаннан кейін ол «Эйр Астана» әуекомпаниясының қалыпты жұмысына әсерін тигізген. Сондықтан Қазақстанның 65 азаматы қайтадан еліне оралмай қалған. «Біздің 44 азаматымыз елшілікке жеткізілді. Олар туыстарымен хабарласу үшін байланыс қызметімен, тамақпен және жататын орынмен қамтамасыз етілді», – делінген ведомствоның сайтында.

▪ АҚШ президенті Дональд Трамп 4 наурызда Қырымды басып алуына байланысты 2014 жылы Ресейге қарсы енгізген санкцияны тағы бір жылға ұзартты – деп мәлімдеді Ақ үй баспасөз қызметі. АҚШ Украинадағы жағдайға байланысты Ресейге қарсы алғашқы санкцияларды 2014 жылдың 6 наурызында енгізген. Оған себеп «Ресейдің Украинадағы демократиялық процестер мен институттарды бұзуы; бейбітшілікке қауіп төндіру, қауіпсіздік, тұрақтылық, егемендікке және территориалдық тұтастыққа қол сұғу» делінген хабарламада. Ресей билігінің әрекеттері мен саясаты бұрынғыдай Құрама Штаттардың сыртқы саясаты мен ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіріп отыр», – делінген Трамп мәлімдемесінде.

▪ АҚШ Түркия және Үндістан тауарларына баж салығын салмақ. Ресми Вашингтонның хабарлауынша, баж салығын енгізуге қатысты құжат Конгреске ұсынылған. Егер Сенаторлар мақұлдаған жағдайда, құжат қабылданады. Ақ үй басшысы Дональд Трамп арнайы критерийлерге сай өзге елдерге баж салығының салынбайтынын, бірақ аталған екі ел тауарларының сапасы талапқа сай еместігін айтты. Сонымен қатар, Үндістан тауарлары келісілген мөлшерде АҚШ-қа жеткізілмейді. 2018 жылы 31 мамырда Дональд Трамп Канада, Мексика және Еуропа одағы елдері үшін болат пен алюминийге 10% және 25% көлемінде баж салығын енгізу туралы шешім қабылдаған болатын. Ақ үйдің бұл шешіміне Франция президенті Эммануль Макрон «Le Figaro» басылымына сұхбат беріп: «АҚШ енгізген баж салығы заңсыз әрі үлкен қателік болып табылады, сонымен қатар ол халықаралық тепе-теңдікті бұзады»,– деп мәлімдеді.

▪ Ресей президенті Владимир Путин зымыран келісімін орындауды тоқтату туралы жарлыққа қол қойды. Бұл туралы promdevelop хабарлады. Жарлықта Құрама Штаттарының келісімді орындамай келгендігі айтылады. Алайда, АҚШ президенті Дональд Трамп: «Қазіргі уақытта мұндай келісімге отырмаған өзге елдер әскери зымыран жүйесін жасақтап, қалағанынша қолданып отыр. Сол себепті Америка мен Ресей арасындағы екіжақты келісімде еш мән қалған жоқ. Шарт жасамаған Қытай, Солтүстік Корея, Иран сияқты басқа да мемлекеттер ойына келгенді істеп отыр. Егер бұл келісімге Қытай да енсе, жұмыстардың басым бөлігі ядролық келісімге қайшы келер еді», – деп мәлімдеген.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# 2019 ГОД - ГОД МОЛОДЕЖИ

Молодежь - это новая возможность, большие мечты, много работы! Молодежь - будущее, движущая сила любого общества! Основа устойчивого развития государства находится в руках молодых людей, которые конкурентоспособны, образованы и уверены в будущем. Для развития



прогрессивной молодежи страны глава государства уделяет большое внимание молодежной политике, придает молодым людям большую уверенность и радость. Сегодня основной причиной безработицы является не отсутствие работы, а правильный выбор профессии. Поэтому нашим приоритетом является быть в числе самых развитых стран мира, выбирать самые требовательные профессии и быть лучшими в профессии. Особое внимание главы государства к молодежи повысит ответственность перед молодежью. Ответственность означает готовиться ко всему, что необходимо для достижения цели.

Диана ДУАНБЕКОВА.

# СТУДЕНТ УНИВЕРСИТЕТА СПАС ДВУХ ДЕВОЧЕК



По сообщениям пресс-служба ДЧС Алматинской области 6 марта 2019 года в 11 часов дня в ДЧС Алматинской области поступило сообщение о том, что горит квартира в центре города Талдыкорган. По приезду на место происшествия было выяснено, что произошло короткое замыкание электроприбора (удлинителя) с включенным сотовым телефоном. В квартире находились две девочки 2011 и 2017 года рождения, дверь снаружи была закрыта. Родители в это время находились на работе. Старшая из девочек, увидев задымление, стала звать на помощь с окна второго этажа многоэтажного дома. Крики о помощи услышал студент Жетысуского Государственного университета Бактыбай Арман 2000 года рождения, который забравшись по газовой трубе на второй этаж вытащил обеих девочек через окно. С ДЧС Алматинской области выезжало на место происшествия 7 человек личного состава и 3 единицы техники.

Юноша, спасший детей, будет награжден Департаментом по ЧС Алматинской области за героический поступок.

А.АКЫБАЕВА

# ПОЛЕЗНАЯ ВСТРЕЧА

***Как сообщает пресс-служба Алматинской областной палаты предпринимателей, встреча предпринимателя и школьников состоялась в рамках элективного курса «Основы предпринимательства и бизнеса» в Талдыкоргане. В школе-гимназии имени Шокана Валиханова города Талдыкорган, где в пилотном режиме проходит элективный курс «Основы предпринимательства и бизнеса» для школьников 10 класса была организована встреча с предпринимателем Чингизом Кенжегуловым – соосснователем компании «Такси Талдыкорган 400-400».***



Предприниматель рассказал, что уже со школьной скамьи начал зарабатывать – брался за любую работу и помогал деньгами своей семье. «Начинал работать официантом, потом был барменом, администратором. В последующем, с друзьями даже открыли ресторан. В разное время продавали коктейли в Алматы. Скажу сразу, что на нашем пути было очень много проблем и трудностей. Но особенность предпринимателя в том, что все это он должен преодолеть и быть упорным», - поделился предприниматель. После продажи коктейлей первым серьезным проектом стал ресторан La Flamma, который, кстати за короткое время завоевал популярность среди населения областного центра. «Идея была в том, чтобы сделать комфортное, клиентоориентированное заведение, куда с удовольствием приходили бы талдыкорганцы. Нам было важно создать сервис. Вы же знаете, какой у нас сервис в городе?! Разрабатывали меню, обучали персонал, чтобы людям хотелось все время приходить к нам», - отметил он. Далее Чингиз и его друзья решили реанимировать и обновить городскую службу такси. В начале, они предлагали уже действующим службам объединиться и создать единую службу. Однако никто не согласился, после чего молодые предприниматели открыли новую компанию под названием «Такси Талдыкорган 400-400». За несколько лет работы служба такси смогла охватить весь город и в настоящее время обслуживает порядка 85% жителей. «Но не все так просто. Мы почти 1,5 года сидели без денег и вкладывали в развитие. Можно сказать, что мы первыми внедрили прием заказа такси через приложение, тогда как раньше связь с водителями была с помощью раций. Далее сформировали компетентный контакт-центр» , - рассказал предприниматель. Сейчас предприниматель и его партнеры заняты над разработкой новых масштабных проектов. В ходе встречи школьники смогли задать свои интересующие вопросы и поделиться впечатлениями об истории предпринимателя. «Не должна быть целью заработать деньги, деньги - это инструмент для реализации вашей цели и поставленных задач. Чем больше вы отдаетесь работе, тем больше получите», - посоветовал школьникам Чингиз Кенжегулов. Напомним, старшекласники школы имени Ш.Валиханова единственных в Алматинской области в пилотном режиме изучают элективный курс «Основы предпринимательства и бизнеса». В рамках занятий проходит обучение азам предпринимательства, а также организовываются встречи с успешными предпринимателями, экскурсии на бизнес-объекты.

Ш. БАТЫРХАНОВ.

# «Нұр Отан»: 20 лет созидания и роста

***«Партия «Нұр Отан» – гарант социального благополучия страны Все изменения партийной деятельности и первые результаты доказывают, что на сегодняшний день партия «Нұр Отан» стоит во главе модернизационных процессов», - сказал с гордостью ветеран партии Айтбай Сейітов.***



В областном филиале партии «Нұр Отан» состоялся торжественный прием в честь 20-летия партии. В нем принимали участие ветераны и активисты партии, жасотановцы и заслуженные деятели общественности. К 20-летию партии ряды нуротановцев пополнились 20 одногодками партии. «Ветераны партии получили именные часы с логотипом 20-летия партии и грамоты от областного филиала. Большинство из наших ветеранов заслуженные деятели Жетысу. Даже сейчас будучи ветеранами, пенсионерами они помогают своими добрыми делами партии. Их пожелания мир и спокойствие во благо общего будущего нашей страны. 27 февраля в городе Астане прошел XVIII Съезд партии «Нұр Отан», где Председатель партии, глава государства обозначил 10 глобальных целей на ближайшее десятилетие. Теперь мы будем обращать внимание на поднятие социального статуса населения, на насущные проблемы народа во всех сферах жизнедеятельности» - отметил в своей поздравительной речи первый заместитель Алматинского областного филиала Галиаскар Сарыбаев. Ветераны партии заслуженно вышедшие на пенсию первые заместители Илийского и Сарканского районных филиалов Ерболат Турумбетов и Мурат Тусупов получили благодарственные письма от Первого заместителя Председателя партии Маулена Сагатхановича Ашимбаева. От имени жасотановцев с поздравительной речью выступил председатель МК «Жас Отан» Еркебулан Акболатов.

«Партия и мы единое целое. Мы молодежное крыло партии в год молодежи хотим вместе с ведущей политической силой страны реализовать самые прорывные и инициативные проекты, в том числе мы были делегатами XVIII Съезда партии. Председатель партии, Елбасы Нурсултан Абишевич возлагает на молодежь страны большие надежды. Жасотановцы всегда готовы поддерживать стратегический курс и политику нашего Лидера партии», - говорит Еркебулан.

Торжественный прием завершился концертной программой и гимном партии «Нұр Отан».

Ш. ХАМИТОВ.

**ТЯЖЕЛО УДЕРЖАТЬСЯ, КОГДА ТЕБЕ ДАЮТ СВОБОДУ ВЫБОРА И ДЕЙСТВИЙ ВО ВСЕХ НАПРАВЛЕНИЯХ. НАЧИНАЕШЬ ТЕРЯТЬ ГОЛОВУ, ПЕРЕСТАЕШЬ ЗДРАВО МЫСЛИТЬ И АНАЛИЗИРОВАТЬ ВСЕ ВОКРУГ СЕБЯ. ТАКАЯ ЖЕ СИТУАЦИЯ СЛУЧИЛАСЬ С КАЗАХСТАНСКИМИ ВУЗАМИ, КОТОРЫЕ ПОЛУЧИЛИ САМОСТОЯТЕЛЬНОСТЬ В УСТАНОВЛЕНИИ ТАРИФОВ. УНИВЕРСИТЕТЫ НАШЕЙ СТРАНЫ ВПРАВЕ ПОВЫШАТЬ ИЛИ ПОНИЖАТЬ ЦЕНЫ НА ОБУЧЕНИЕ, НО КАЖДЫЙ ГОД ВУЗЫ ТОЛЬКО ПОВЫШАЮТ ТАРИФ. ЧТО ЖЕ ЖДЕТ НАС В НЕДАЛЕКОМ БУДУЩЕМ?**

# ОБУЧЕНИЕ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ ЛЮБОЙ ЦЕНОЙ



Абитуриенты проходят трудный путь для поступления в высшее учебное заведение. С начала выпускного года школьники готовятся к Единому Национальному тестированию. Позже год подготовки заканчивается тремя часами в удушающей аудитории самим тестом. Три летних месяца проходят в суете: поиск ВУЗа, сдача документов, ожидание результатов гранта и добро пожаловать студенческая жизнь. Однако конец истории выпускника не всегда бывает счастливым. Абитуриенты, не поступившие на бесплатное обучение, вместе с родителями ищут выгодное обучение, которое будет доступно их финансовому положению. Родителя дабы не расстроить свое чадо идут на все, лишь бы он/она учились в престижном и авторитетном университете. Последующая диллема – это цена за год обучения в ВУЗе. Здесь мы наблюдаем, за тем как быстро растут цены из года в год. На фоне экономической нестабильности в небольших городах страны, где еще преобладает безработица, отсутствует должное развитие городских инфраструктур, цены за обучение в высших учебных заведениях просто смехотворны. Присутствовало бы должное обучение по этим ценам, споров в обществе не возникало бы, но ситуация продолжает ухудшаться.

В крупных ВУЗах порог преодолел 1 миллион тенге за год обучения. Такими темпами факультеты крупных университетов могут закрыться из-за нехватки должного количества студентов. Вместо повышения цен высшим учебным заведениям стоит заняться популяризацей тех профессий, которые действительно понадобятся нашей стране, и способствуют ее развитию.

КЕНЕСОВА МЕРУЕРТ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# ТАЛДЫҚОРҒАНДЫҚТАРДЫ ТАҚЫРҒА ОТЫРҒЫЗҒАН АЛАЯҚ




**АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКС-ӘКІМІ, БҮГІНДЕ СЕНАТ ДЕПУТАТЫ АҢСАР МҰСАХАНОВ БАСҚАРҒАНДА ТАЛДЫҚОРҒАН ӨҢІРІНДЕГІ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ ГАЗДАНДЫРУ МАҚСАТЫНДА «ҚАЗТРАНСГАЗ» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫ СЕРІК СҰЛТАНҒАЛИМЕН ТАЛДЫҚОРҒАНДА КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІП, АТАЛҒАН ӨҢІРДІ ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСЫН ЖЫЛДАМДАТУ ҮШІН ҚОСЫМША МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙҒАН-ДЫ. БҰЛ ЖҰМЫСҚА БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫНАН ТЫС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ТАРАПЫНАН 5 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ ҚАРЖЫ САЛЫНҒАН. 2012 ЖЫЛЫ БАСТАЛҒАН БҰЛ ЖҰМЫС 2015 ЖЫЛЫ ТОЛЫҚ АЯҚТАЛУЫ ТИІС БОЛҒАН. АЛАЙДА, КҮНІ БҮГІНГЕ ДЕЙІН САҒЫЗДАЙ СОЗЫЛҒАН БҰЛ ЖҰМЫС ӘЛІ ТОЛЫҚ АЯҚТАЛМАЙ КЕЛЕДІ.**

Өткенде облыс әкімі Амандық Ғаббасұлы осы газ желісімен айналысатын компаниялардың басын қосып, сын тезіне алған-ды. Өңірде 741 елді мекеннің 473-не табиғи газ тартуға болады. Газды 123 елді мекенге әкелгенімен, тізімде көрсетілген 19 елді мекенді есепке алмағанда, барлық газ құбырларына сұйық отын жіберілмегені айтылды. Тек қана Талдықорған қаласындағы 50 000 абонементтің 2 000-ы ғана сұйық отынмен қамтылыпты. Ұмытпасақ, екі жыл бұрын үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев келгенде көзбояушылыққа барып «Талдықорғанға көгілдір отын жеткізілді» деп алау жаққанымыз бар.

Анығын айтқанда облыс орталығы әлі сұйық отынмен толық қамтылған жоқ. Ішінара жеке тұрғын үйлерге қосылғаны болмаса, жапатармағай қосылуға халықтың да қалтасы көтермей тұр. Бірақ, мұнда да алаяқтардың арбауына шырмалған талдықорғандықтар сот табалдырығын тоздырып соттасып жүр.



«Біреу тойға айналғанда, біреу қойға айналыпты» дегендей, алаяқтың бірі сонау сыр елі Қызылордадан келіпті. Талдықорған қалалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Тохтыбакиеваның қарауымен жәбірленушілер А.Ким, О.Муса, В.Манченко, Л.Хегай, Л.Ахмад, А.Оразымбетов, А. Ишмухамедов, Т.Сейсебаев, Е.Ольшанская, О.Пак, Ж.Махан, А.Жалелхан, О.Ким, Г.Меркулов, Л.Мирошниченко, Е.Саркытбек, О.Шашкина, А.Ильясов, Н.Батыршаев, С.Барбаров, С.Курманбаев, А.Турарбекова, В.Кузьменко, О.Тимофеева, А.Игисинова, А.Мырзатаева, А.Нурланов, К.Баелов, Орынбаев, С.Турванов, Б.Нурахунова, О.Парахневич, Н.Майбо, И.Маркович тақырға отырғызған алаяққа қатысты сот процесі аяқталды.

1992 жылы Қызылорда облысында туылған сотталушының білімі орта, үйленген. Азамат ҚР ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігі 3-тармағымен айыпталып отыр. 40-қа жуық адамдарды арбап, олардың мүлкін жымқыруды көздеген алаяқ Талдықорғанға жайдан-жай келмепті.

Өзін «ГазТрансАймақ» ЖШС-нің директорымын деп таныстырып, газ жүргізу және газ магистраліне қосу қажет, газды қосып беремін деген сотталушы тұрғындардан елу мыңнан төрт жүз елу мыңға дейін қаражат жинап алыпты. Сот талқылауында сотталушы Д.С. өзінің кінәсін толық мойындап, істеген ісіне шын ниетпен өкінетінін айтты.

Мұндай қулықты қайдан біліп жүр десек, Қызылорда қаласында газбен айналысатын фирмада күзетші болып істепті. 2018 жылдың мамыр айында жұмыс іздеген ол Жетісуға жол тартады. Ал, оның бауыры «ГазТрансАймақ» ЖШС-де қызмет жасайтын досы С. Рысбаевтың байланыс телефонын беріпті. С. Рысбаевпен кездесіп, газ жүргізу бойынша жұмыс істегісі келетінін айтқан сотталушы келесі күні С. Рысбаевтан шарт үлгісі мен мөрін тұтынушыларға көрсету үшін сұрапты.

Ол шарттың 40 дана көшірмесін түсіріп, оларға «ГазТрансАймақ» ЖШС-нің мөрін басқан. Мөр біткен соң өзі бұрын істеген «КЭЛМОСС» ЖШС-нің мөрін қойып, С. Рысбаевқа мөрді қайтарып беріпті. Жымысқы әрекетін жүзеге асырмақ ниетімен көше аралайды. ЖШС-де инженер немесе директор болып істеймін деген алаяққа газ құбырларын жүргізу және қосумен айналысатынын, сондай-ақ, ЖШС тарапынан заңдастыратыны туралы айтқанда, алданған жәбірленушілер онымен келісімшартқа отырыпты. Торғайды арбаған жыландай, газ тұтынушылардан қомақты ақша жинаған алаяқ хабарландыру бойынша дәнекерлеушілерді тауып, үйлерге газ желісінің құбырларын да тартқан. Заңсыз әрекетінің шеті осымен тұйықталып, іс жүзінде газға қосуға оның мүмкіндігі болмаған.

Жұмысқа белсене кірiскені сондай, жалғыз өзі үлгере алмай жатқандықтан ол хабарландыруларды интернет желісі арқылы беріп, агенттері тартқан, ал олар болса клиенттерді көптеп тартыпты. Аида, Гульден, Азат және Азамат есімді қызметшілер ешбір күмәнсіз жұмыс істеп, оның газ қосуға және құжаттарын рәсімдеуге мүмкіндігі жоқ екеніне шүбә келтірмепті. Алаяқ ешкімнің күмәнін тудырмас үшін Талдықорған қаласында Балпық би көшесі, №37 үйден офисті жалдаған.

Ағасының досы «ГазТрансАймақ» ЖШС-нің директоры С. Рысбаевтың сенімін пайдаланған алаяқ Қылмыстық кодекстің 190-бабы, 3-бөлігі, 3-тармағымен айыпты деп танылып, 3 жыл 6 айға темір торға тоғытылды. Сотталушы сотта азаматтық талап-арыздарды толық мойындап, оларды қандайда бір мүмкіндігі туғанда өтеуге уәде берді. 9 томдық қылмысқа қатысты әлі де, Талдықорған қаласының тұрғындарынан шағымдар түсіп жатқаны белгілі болды.

**Айтақын МҰХАМАДИ.**

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

## ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ КӨРСЕТІЛЕТІН 60 МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ІШІНДЕ ҮЗДІКТЕРДІҢ БІРІ БОЛЫП ТАНЫЛДЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тапсырысы бойынша «САНДЖ» зерттеу компаниясының мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасына жүргізген қоғамдық мониторинг нәтижесінде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру» қызметі үздік бестіктің қатарына енді.

Мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасына қатысты қоғамдық мониторинг 2018 жылдың тамыз-қазан айлары аралығында өткізілді. Зерттеу барысында Қазақстанның барлық өңірлерінде 10 000 қызмет алушы арасында сауалнамалық сұрау жүргізілді. Бұл ретте көрсетілетін 60 мемлекеттік қызмет негізге алынды.

Мониторинг аясында қызмет алушылар арасында сауалнамалық сұрау жүргізіліп, қызмет көрсетуші мен қызмет алушылардан тиянақты сұхбаттар алынды. Сонымен қатар «Құпия сатып алушы» әдісі бойынша бақылау жүргізіліп, бірқатар фокус-топтық талқылаулар ұйымдастырылды.

Зерттеу жүргізудегі мақсат – қызмет алушылардың көрсетілетін қызметтердің сапасына қанағаттанушылық деңгейін бағалау. Бұл ретте ақпараттың қолжетімділігі, қызмет көрсету мерзімінің сақталуы, қызмет көрсету деңгейі (сыпайылық, біліктілік, қызметкерлердің шапшаңдығы), құжаттардың дұрыс рәсімделуі, шарттардың ыңғайлылығы ескерілді.

Зерттеу қорытындысы бойынша БЖЗҚ салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат беру қызметіне баға беру барысы ақпараттың сапасы мен қолжетімділігі, жеделдігі мен құзыреттілігі бойынша жоғары нәтижелер көрсетті: сауалнамаға жауап берушілердің 80,4 пайызы қызметтер бойынша ақпараттың ашықтығына және қолжетімділігіне риза. Бұл ретте жауап берушілердің 82,9 пайызының пікірінше ақпараттар ашық және шынайы. Жауап берушілердің 88,3 пайызының қызметтердің көрсетілу мерзіміне және 92,1 пайызының құжаттардың жиналу және әзірлеу мерзіміне көңілдері толады.

Сауалнамаға қатысушылардың 79,8 пайызы қызмет көрсетушінің мамандарының біліктілігін жоғары бағаласа, 80,7 пайызы үшін қызметкерлердің сыпайылығы, әдептілігі қанағаттанарлық деңгейде болды. Сонымен қатар қызметкерлерінің шапшаңдығын сауалнамаға жауап берушілердің 81,3 пайызы атап өтсе, 80,4 пайызы қызмет көрсетушіге сенеді.

Көрсетілетін қызметтерді барынша әділ бағалау үшін «Құпия сатып алушы» әдісі де қолданылды. Ол БЖЗҚ филиалында және Астана қаласында Халыққа қызмет көрсету орталықтарының бірінде жүзеге асырылды. Құпия сатып алушы көрсетілетін қызметтердің сапасын үш өлшем бойынша бағалауы тиіс болды. Олар: 1) ақпаратты сайттан іздеу, 2) ақпаратты стендтен іздеу, 3) байланыс орталығына қоңырау шалу.

Құпия сатып алушы БЖЗҚ-ның https://www.enpf.kz сайтын жоғары бағалады. Ол сайттың интерфейсін, онда байланыс орталығының телефон нөмірі бар екендігін, бір бөлімнен екінші бөлімге тез ауысуға болатындығын және ақпараттардың орыс және қазақ тілдерінде қолжетімді екендігін атап өтті. Қордың байланыс орталығы жұмысының сапасына да жоғары балл берілді. Өйткені, Қор маманы байланысқа тез шығып, қойылған сұрақтардың барлығына нақты және толыққанды жауап берген.

БЖЗҚ-ның Астана қаласындағы филиалына барған кезде де қызмет көрсетуші қызметкерлердің жұмысына Құпия сатып алушының көңілі толды.

«Операция бөлімінің қызметкері менің барлық сұрақтарыма жауап берді және тіпті зейнетақы жарналарының түсуіне қатысты ақпаратты поштама жіберуді ұсынды. Ол сонымен қатар БЖЗҚ ұялы қосымшасының бар екендігін айтып, тіркелуге көмектесті. БЖЗҚ ұялы қосымшасы мен БЖЗҚ сайтындағы Жеке кабинет өте ыңғайлы. Зейнетақы жарналарының түсуін үнемі қадағалап отыруға мүмкіндік бар».

Бұл зерттеудің негізгі нәтижелері тұрғындардың «БЖЗҚ» АҚ қызмет көрсету сапасына көңілдері толатындығын көрсетті. Ал бұл Қорды қызмет көрсету сапасын одан әрі жетілдіруге ынталандыра түседі.

Мониторинг нәтижесі бойынша толық есепті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сайтынан мына сілтеме бойынша: https://nationalbank.kz/?docid=3525&switch=kazakh көре аласыз.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы**
**БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# АҚ ЖАУЛЫҚТА КИЕ БАР

*Тарих дегеніңіз бағзыдан аңыз бен әфсанаға толы сандық сынды. Аузын ашсаң, сан қилы ғибратты тәмсілге қаның боласың. Сандықты ақтарған сайын құныға түсесің. Бір қызығы, құныққан сайын қызылшыл бір «көршіміздің» жантып-басып, орайы келсе санадан сүріп тастауға тырысқан, құмыққан дүниелерге тап боласың. Біздің сөз етпек болған әңгімеміз де осы аңыз-әфсаналармен жымдасып, үндесіп жатса керек-ті. Осы орайда, бұрымдылар мерекесі қарсаңында бұрым жайлы бірер ауыз сөз айту артық болмас деп шештік.*



Баяғының қарттары «Шашта кие бар, ол жуып, күтілмесе, ұзатылған соң көзден жаулық арқылы көлегейленбесе, қасиет қайтады» деп отыратын. Бастағы орамал – басқа қонған бақ сынды. Жат жұрттық болып, бір шаңырақтың оң босағасын қызартқанда тұрмыс құрмаған қыздардан ерекшелеп тұратын да осы орамал. Қазір қызы да бір, келіні де бір. Немере сүйіп, ақыл айтар шақта самайын ақ қырау шалған әжелерімізді жалаңбас күйде көргенде ыңғайсызданып қаласың.

Қазақта «Әйел орамал тартпаса арын ұмытады, күйеуінің барын ұмытады, шашы тамаққа түседі, үйіне келген қонақтың назары түседі» деген сөз бар. Сол бір орамалды әйелдің «статусы» көз алдыңызда құлдырап бара жатқанда қынжыласыз келіп.

Батыр баба Бауыржан Момышұлының: «Ерте заманда қазақ ішінде қылмыс жасаған әйел заты үшін жазаның ең үлкені – оның бұрымын кесу болған екен. Совет үкіметі орнағалы бері әйелдер өзін-өзі жазалап жатыр...» дегені еске түседі. Халқымыздың нанымсеніміне сүйенсек, шаш – әйелдерге Хауа Анамыз бен Бибі Фатима анамыздан берілген Алла Тағаланың ғажайып сыйы болатын. Мәселен, Қобыланды батыр жырында: «Тұлымдысын тұл қылды, айдарлысын құл қылды» демей ме?! Осындайда, Баукеңнің кеңестік кезең қыздары жайлы айтқан пікірін ақыл таразысына салғандағы артықкемсіз ақиқат екенін түсінесің.

Шамамен осыдан он ғасыр бұрын Оғыз Ұлашұлы Қазан Салор түс көріп, шошып ояныпты. Түсінде басынан жайылған шаш көреді. Түс жорушысы билеушінің әлпетін жапқан қалың шаштың қайғы-қасірет екенін айтады. Мұнан соң оғыз билеушісі тұтас құзіреті – алтын тағынан айырылардай күй кешеді. Сонда бір халықтың келер күніне төнген нәубетті түс жорушының аузымен жеткізеді. Әрі әлгі сәуегейдің бұл жорамалы айна қатесіз келіп, Қазан Салордың ұлы құндақта кетіп, елі мұңдаққа айналады.

Қазақ халқында орамалдың қадір-қасиетін ұқтыратын әдетғұрыптар мен жөн-жоралғылар жетерлік. Солардың бір мысалы ретінде араша үшін ортаға орамал тастау ишарасын айтуға болады. Араға орамал тастау ғұрпы көбіне қыз, жесір дауы орын алып, екі рулы елдің арасы бүлінуге шақ қалған кездерде орын алатын. Ағайын арасындағы тартыс, тіпті, бүкіл ел өміріне зардабын тигізетін оқиғалар барысында беделі жоғары, сыйлы аналар тараптарды арашалап, бейбіт мәмілеге шақыру мақсатында орамалын ортаға лақтырған. Ал ананы сыйлайтын, ақ жаулықтың қасиетін бағалайтын ер азаматтар әлгі орамалдан аттап өтуді ар санап, оның киесінен тайсақтап, қара күшке емес, сөзге жүгініп, келісімге келген.

Діни наным бойынша еврей қауымының әйелдері орамал тағуға тиісті. «Қыздарға орамалсыз жүру жараспайды», «Әйелдері орамал тақпайтын еркектерді



қарғыс атсын!», «Еркектерге ұнау мақсатында басын ашқ ұстайтын әйелдер жоқшылық әкеледі» деген ұстанымдары мен нанымдары бар деседі. Тіпті, яһуди дінінің ұстанымы бойынша әйелдің жалаңбас жүруі жалаңаш жүрумен тең саналады екен. Тіпті, орамалсыз әйелдің жанында дұға оқып және басқа да ғибадаттар жасауға рұқсат етілмеген. Алайда, тағдыр-тәлейі Европамен астасқан еврей әйелдері ортаға бейімделу мақсатында орамалдарын тастап, оның орнына парик тұтынып кеткен. Христиан діні де орамал тағу мәселесіне немқұрайлы қарамайды. Бүгінгі католик дінінің негізгі заңдарында шіркеулерде әйелдерді бастарына орамал тағуға міндеттейтін арнайы баптар бар көрінеді.

Әуелден ырым-тыйым тұрғысынан келгенде қазақ екі жағдайда ғана шаш жайған. Бірі – елді жау шауып, ел иесіз қалғанда, екіншісі – күйеуі мезгілсіз қазаға ұшырағанда әйелдер шашын жайып жоқтаған. Ал бұдан өзге көптің талқысынан өткен тағы бір жайт – өрусіз бос шаштың әр түскен талы аяқ асты қалады. Осыдан соң өрілмеген шаштың қадір-қасиеті туралы айтудың өзі артық секілді. Бәлкім, әйел адамның шашына шайтан үйір дейтін жаңсақ пікір осындай жағдаяттан туындаса керек.

Шайтан демекші, ертегілерде етек-жеңі желпілдеп, үсті-басы өрім-өрім болып жүретін жалмауыз кемпірдің, я әйел кейіпте көрінетін жынның шашы жаюлы жүрмеуші ме еді? Әсілі, шаш жаю – бабалар түсінігі бойынша шайтанның ісі болды ма екен, кім біліпті?!

Амал нешік, бұл күні бұрымы түгіл тілінің қадіріне жете алмаған қоғамда өмір сүрудеміз. Замана ағымымен қазақ әйелінің басынан сыпырылып бара жатқан орамалымен астасып жатқан ұлттың да ұяты жоғалмаса екен дейсің.

**Д. ӘМІР**

# ЖАҢА БАҒДАРЛАМАНЫ МЕҢГЕРУ – ЖАҢАЛЫҚҚА БАСТАР ТУРА ЖОЛ

***«Ғылымды сүйген және жақсы меңгере білген мұғалім ғана оқушыларға терең де мағыналы білім бере алады» – деп Д. Менделеев айтқандай, қазіргі өзгермелі қоғамда әр мұғалім оқушыны оқытып, тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті болып, жан-жақты біліммен қаруланып, білімін күнделікті жетілдіріп отырмаса, сапалы білім беруі екіталай екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Бүгінде білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отырумен қатар жаңа технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білуі қажет.***

Осыған орай Алакөл аудандық білімді дамыту оқу-әдістемелік орталығының шақыртуымен жаңартылған білім беру туралы Үшарал қаласында 11 ақпан мен 7 наурыз аралығында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Алматы облысы педагог кадрларының біліктілігін арттыру институтының ұйымдастырған курсы өтті. Соның аясында оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, АКТ-ны қолдану, зерттеу жұмыстарын жүргізу, коммуникативті қарымқатынас жасай алу, жеке, жұппен және топта жұмыс жасай білу қабілеттерін арттыру мақсатында біліктіліктері шыңдалды. Курс аясында жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, мақсат-міндеттерін түсініп, осыған сәйкес педагогикалық тәсілдерді, білім беру бағдарламасының оқу мақсаттарына жетуде критериалды бағалау жүйесін қолдану, әдіс-тәсілдерді меңгеру дәрістері ұсынылды.

Курстан қазақ тіл мұғалімдері өздеріне қажетті мол рухани байлық ала алып, өз қоржындарын түрлі әдіс-тәсілдермен толықтырды. Атап айтсам, «Мәтінді өзара редакциялау», «Пирамидалық талқылау», «Бұрыштар» т.б белсенді әдістердің күнделікті сабағымыздың сапалы өтуіне жол ашады деп есептеймін.

Бізді жаңашылдыққа баулып, дәріс беріп жатқан тренеріміз Аманғайша Жолдыханқызы Болсынбаеваға айтар алғысымыз шексіз. Тренеріміз өз ісінің шебері, талапшыл ұстаз екенін көрсете алды.

Ұстаздық деген қиын жолда әріптестеріме сәттілік тілей отырып, білім беруде уақыт көшінен қалмайық дегім келеді. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденіс пен мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты болғандықтан, осы алған білімімізді тиімді қолдана білейік.

**Индира ТОЙКЕНОВА,**
**Алакөл ауданы Шынжылы негізгі орта мектебінің мұғалімі.**

## Дүйсенбі - Понедельник, 11 наурыз

### ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Senbiliktan»
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.30 AQPARAT
10.00, 03.20 «HIT QAZAQSTAN»
11.00 «Apта»
12.05, 21.50 Т/х «ОРАЛУ»
13.15 «Beinesaz»
13.35, 19.10 Т/х «Іздедімсені»
14.25 «SHANYRAQ»
15.55, 22.50 «Ертұғырыл»
17.15, 02.20 ELDENHABAR
17.30 «MENIN QAZAQSTANYM»
18.05 «BALANYN KONILI…»
18.20 «ARNAIY JOBA»
18.40 «SERPIN»
20.55 «QAREKET»
23.50 «TYNGI STUDIO»
01.20 Телехикая «Достар»
01.45 Т/х «Қалампыр»
02.30 «Ұлтмақтанышы»
03.00 «ARNAIY JOBA»

### ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 19.30 «Өз үйім»
10.30 «Журналистік зерттеу»
11.00 «Она»
11.30 «ZERDE»
12.10 «Алтын бесік»
12.40 «Қайсар жандар»
13.10 Т/с «Немного не в себе»
15.00 «Давайте говорить»
15.50 «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ»
16.45, 00.45 «Тағдыр тартысы»
17.20 «Бір туынды тарихы» циклінен д/ф
17.50 «Bilim»
18.25 Т/х «Бәсеке 2»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
21.30 «Ана жүрегі»
22.20 «Королева ночи»
01.15 «Әсем әуен»

### АСТАНА

06.00, 03.20 «KazNet»
07.00«Ауылдастар 2»
08.00 «Біздің уақыт»»
09.00 «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.00, 21.00 «Таңдауым сен»
12.00,19.00 «№ 309»
13.00 «Избранное за неделю»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.15 «Щенячий патруль»
15.20 «Райское место»
16.20 «Күйеу жігіттің куәгері»
18.20 «Келіндер жобасы»
20.00, 02.00 Жаңалықтар
20.30 02.30 Новости «2030»
23.00 Т/х «Келін бақыты»
00.40 «Ұрланған тағдыр»
03.00 «Қасиетті мекен»
03.40 «Қалжын-қоржын»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Байқау»
06.40 «Той заказ»
07.10 «TAMADA BATTLE»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Две жизни»»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «На самом деле»
15.55 Т/с «Красавица»
16.55 «Пусть говорят»
18.00, 04.15 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
18.45, 03.20 «Пендеміз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Дикий 4 »
22.00, 02.35 «П@УТINA»
00.40 Ночной кинотеатр. «Шифр»

### КТК

07.05 «ДАУ- ДАМАЙСЫЗ»
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.00 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.30 «БОЛЬШИЕ НОВОСТИ»
10.30 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
11.30 «Юрмала»
13.50 «Изморозь»
15.50 «Ұлы дала баласы»
18.00 «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Т/с «По ту сторону смерти»
23.40 «Семейные обстоятельства»
01.20 «Министерство правды»
02.00 Т/х «Сүйікті Дениз»
03.20,04.30 «Тағдыр қосқан асыл жар»

### ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі
07.30 «Таңжарық»
09.00 Апта (қаз)
09.50 Ән әлемі
10.00 Апта ( рус)
10.50 Спорт тайм
11.15 Полиция қызметі
11.50 Ән әлемі
12.00 Зерде
12.50 Концерт «Ән домбыра – жан серігім жасымнан
14.50 Д.ф. «В поисках знаний».
15.20 «Қош бол – қараой» спектаклі
16.10 Д/ф «Қос алып-қос Ғабен»
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Әкім сағаты Тікелей эфир
20.00 Бай қуатты болайық
20.30 Жаңалықтар
21.00 Туржорық
21.30 Новости
22.00 Тағдыр мен тұлға
22.30 Д/ф «Животные-лекари»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

### 31 КАНАЛ

05.40,06.00,12.30 Сериал «Жігіттер»
05.58 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
07.00, 20.00 «ИНФОРМБЮРО»
08.00 «Неисправимый Гуфи»
10.00 «Маша и Медведь»
10.30, 21.00 «Махаббатым, кешмені»
14.30 «Стюарт Литл»
16.30 «Стюарт Литл-2»
18.20 Т/с «Кухня»
23.00 Алдараспан, Нысана, Шаншарәзілдері
23.30 «Все или ничего»
01.40 «WhatsUp?»
02.30 Қазақша концерт

### 7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00«Қара бала»
09.00 «5 причин не влюбиться в Казаха»
11.00 «Свадьба KZ»
13.00 «Контесса »
14.00, 18.50, 21.05 «Q-елі»
14.30 «Айнаонлайн»
15.00, 03.45 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 «Жених»
19.00 Т/х «Жаңа келін»
20.00, 03.00 «Элиф»
21.00 Лоторея 777
21.40 «Мажор»
23.50 «Спец отряд Кобра 11»
01.00 «Юрмала»
05.00 «Жеңіп көр»

## Сейсенбі - Вторник, 12 наурыз

### ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.30 AQPARAT
10.00«HIT QAZAQSTAN»
10.55 «Роботкөлік Поли»
11.15, 17.50 «Kim bilgir?»
12.05, 21.50 Т/х «ОРАЛУ»
13.15 «Beinesaz»
13.35, 19.10 Т/х «Іздедім сені»
14.25 «SHANYRAQ»
15.55, 22.50 «Ертұғырыл»
17.15ELDEN HABAR
17.30 «Jan jylyy»
18.35 «KONIL TOLQYNY»
20.55 «QAREKET»
23.50 «TYNGI STUDIO»
01.20 Т/х «Достар»
01.50 Футбол
04.00 Т/х «Қалампыр»

### ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 19.30 «Өзүйім»
10.30, 22.20 «Королева ночи»
12.10 «Бабалар ізімен»
12.40 «Қайсар жандар»
13.10 Т/с «Немного не в себе»
15.00 «Давайте говорить»
15.45, 00.00 «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ»
16.45 «Тағдыр тартысы»
17.15 «Ұлы дала әркениеті»
18.00 «Народный контроль»
18.15 Т/х «Бәсеке 2»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
21.30 «Анажүрегі»
00.45 «Алтын бесік»
01.15 «Әсем әуен»

### АСТАНА

06.00, 20.00, 01.40 «Жаңалықтар»
06.30. 20.30, 02.10 Новости «2030»
07.00, 23.30 «Ауылдастар 2»
08.00 «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.00, 21.00 «Таңдауым сен»
12.00,19.00 «№ 309»
13.00 «Ел аузында»
13.40 «Ғажайып Қазақстан»
14.00Күндізгіжаңалықтар
14.15 «Щенячий патруль»
15.20 «Райское место»
16.20 «Күзде гүлдейтін ағаш»
18.20 «Келіндер жобасы»
22.30 Т/х «Келін бақыты»
00.10 «Ұрланған тағдыр»
02.40 «Қасиетті мекен»
03.10 «KazNet»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Байқау»
06.45 «Той заказ»
07.10, 18.00, 04.15 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Две жизни»»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «На самом деле»
15.55 Т/С «Красавица»
16.55 «Пусть говорят»
18.45, 03.20 «Кеш қалмайық»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Дикий 4 »
22.00, 02.35 «П@УТINA»
00.40 Ночной кинотеатр. «Шифр»

### КТК

07.05 «ДАУ- ДАМАЙСЫЗ»
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.00 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.20 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
10.20, 23.40 «Семейные обстоятельства»
12.10 Новости
12.50 «По ту сторону смерти»
15.00 «Сен де мен де»
17.00 «Мерекелік концерт»
18.00 «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Т/с «По ту сторону смерти»
01.20 «Министерство правды»
01.50 Т/х «Сүйікті Дениз»
03.10,04.10 «Тағдыр қосқан асыл жар»

### ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі.
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Ән әлемі
10.10 Ем болсын
10.30 Бай қуатты болайық
11.00 Д.ф «Искусство пространства»
11.30 Д/ф «Қозы көрпеш – баян сұлу»
12.00 Шашу
13.50 Туржорық
14.10 Концерт «Мен бақытты баламын»
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Тұжырым
19.30 «Оқырман» әдеби клубы
20.15 Net.laik
20.30 Жаңалықтар
21.00 Тарих парақтары
21.30 Новости
22.00 Тағдыр мен тұлға
22.30 Д/ф «Қорғалжын»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

### 31 КАНАЛ

05.40,06.00,12.30 Сериал «Жігіттер»
05.58 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
07.00, 20.00 «ИНФОРМБЮРО»
08.00 «Все или ничего»
10.30, 21.00 «Махаббатым, кеш мені»
14.30, 16.00 «Воронины»
18.00 Т/с «Кухня»
23.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
23.30 «Счастье- это... »
01.30 «WhatsUp?»
02.20 Қазақша концерт

### 7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00,13.00 «Контесса»
08.00, 20.00, 03.00 «Элиф»
09.00, 21.40 «Мажор»
11.15, 01.00 «Юрмала»
14.00, 18.50, 21.05 «Q-елі»
14.30 «Айнаонлайн»
15.00, 03.45 Ток-шоу «Өзойым»
16.40 «Водоворот чужих желаний»
17.45, 23.50 «Спец отряд Кобра 11»
19.00 Т/х «Жаңа келін»
21.00 Лоторея 777
05.00 «Жеңіп көр»

## Сәрсенбі - Среда, 13 наурыз

### ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.30 AQPARAT
10.00 «HIT QAZAQSTAN»
10.55 «Роботкөлік Поли»
11.15, 18.00 «Kim bilgir?»
12.05, 21.50 «Топыраққа тамған тер»
13.15 «Beinesaz»
13.35, 19.10 Т/х «Іздедім сені»
14.25 «SHANYRAQ»
15.55, 22.50 «Ертұғырыл»
17.15 ELDEN HABAR
17.30 «KELBET»
18.45 «KONIL TOLQYNY»
20.55 «QAREKET»
23.50 «TYNGI STUDIO»
01.20 Телехикая «Достар»
01.50 Футбол
04.00 Т/х «Қалампыр»

### ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұран
06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00 «Өз үйім»
10.30, 22.20 «Королева ночи»
12.10 «Білу маңызды»
12.40 «Қайсар жандар»
13.10 Т/с «Позднее раскаяние»
15.00 «Тайны. Судьбы. Имена»
15.50, 00.00 «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ»
16.50,01.00 «Тағдыр тартысы»
17.25 «Өмір жолы»
18.00 «Народный контроль»
18.15 Т/х «Бәсеке 2»
19.30 «Өз үйім-2»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Журналистік зерттеу»
20.50 Открытый диалог
21.00 Итоги дня
21.30 «Ана жүрегі»
01.30 «Әсем әуен»

### АСТАНА

06.00, 20.00, 02.00 «Жаңалықтар»
06.30. 20.30, 02.30 Новости «2030»
07.00 «Ауылдастар 2»
08.00 «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.00, 21.00 «Таңдауым сен»
12.00,19.00 «№ 309»
13.00 «Ел аузында»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.15 «Щенячий патруль»
15.20 «Райское место»
16.20 «Мейірім»
18.20 «Келіндер жобасы»
23.00 Т/х «Келін бақыты»
00.00 «Қара нан»
01.00 «Көріпкел»
03.00 «Ой мен ойын»
03.30 «KazNet»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Байқау»
06.45 «Той заказ»
07.10, 18.00, 04.15 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Две жизни»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «На самом деле»
15.55 Т/С «Красавица»
16.55 «Пусть говорят»
18.45, 03.20 «Бір сұрақ»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Дикий/4 »
22.00, 02.35 «П@УТINA»
00.40 Ночной кинотеатр. «Шифр»

### КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.00 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.20 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
10.20, 23.40 «Семейные обстоятельства»
12.10 Новости
12.50 «По ту сторону смерти»
15.00 «Өмір-өзен»
18.00 «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Т/с «По ту сторону смерти»
01.20 «Министерство правды»
01.50 Т/х «Сүйікті Дениз»
03.10,04.10 «Тағдыр қосқан асыл жар»

### ЖЕТІСУ

07.00 Эфирдің басталуы
07. 05 Ән әлемі.
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Ән әлемі
10.10 Ем болсын
10.30 Тұжырым
11.00 Концерт «Айналайын балдырған»
12.00 Шашу
12.50 Цикл «Тарих»
13.00 «Оқырман» әдеби клубы
13.50 Д.ф «Что? Где? Когда
14.20 Концерт «Армансыз күнім болмайды»
16.25 Д.ф. «Жанұя»
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Ұлт пен рух
19.30 Құтты қонақ
20.15 Ән әлемі
20.30 Жаңалықтар
21.00 Арнайы репортаж
21.30 Новости
22.00 Тағдыр мен тұлға
22.25 Д/ф «Қазақтың Зылихасы»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

### 31 КАНАЛ

05.40,06.00,12.30 Сериал «Жігіттер»
05.58 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
07.00, 20.00 «ИНФОРМБЮРО»
08.00 «Ягуар»
10.30, 21.00 «Махаббатым, кеш мені»
14.30, 16.00 «Воронины»
18.00 Т/с «Кухня»
23.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
23.30 «Петля времени»
01.50 «WhatsUp?»
02.40 Қазақша концерт

### 7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00,13.00 «Контесса»
08.00, 20.00, 03.00 «Элиф»
09.00, 21.40 «Мажор»
11.15, 01.20 «Юрмала»
14.00, 21.05 «Q-елі»
14.30 «Айнаонлайн»
15.00, 03.45 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 «Водоворот чужих желаний»
17.45, 23.50 «Спец отряд Кобра 11»
19.00 Т/х «Жаңа келін»
21.00 Лоторея 777
00.50 The Эфир
05.00 «Жеңіп көр»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru



*Көктем мейрамы – 8 Наурыз халықаралық әйелдер күнімен барша жетісулық қыз-келіншектерді, аяулы аналар мен ақ кимешек киген әжелерді құттықтаймыз!*

*Әйелдер, сіздер – адамзаттың ең бір асыл перзенттері ғана емессіздер, сонымен бірге табиғат бойларыңызға ақыл мен төзім, іскерлік те дарытқан абзал да ізгі жансыздар! Сондықтан сіздердің әрқайсыңыздың жан-жүректеріңізден ертеңгі күнге деген сенім мәңгілік айнымасын! Баршаңызға мол бақыт, істеріңіздің сәтті болуын, қазақ еліндегі бейбіт пен тыныш өмірдің шырқы бұзылмауын тілейміз!*

*Ажарына ақылы сай, нәзік те биязы, қалампырдай құлпырған нәзік жанды ақындардың жүректерін тулатып, қаламынан туындаған жырларын мереке қарсаңында оқырман назарына ұсынып отырмыз.*

# Арулар жырлайды



## Біз екеуміз – Өлең едік...

Біз екеуміз – Өлең едік...
Үнемі аялайтын,
Аялайтын бақ гүлін саялайтын.
Жүрегіміз Көктем мен Жазды сүйген,
Назды сүйген...
басқаны қаламайтын.

Біз екеуміз – Өлең едік...
Таулардай асқақ едік,
Асқақ едік, ерлікке бастап едік.
Көңіліміз тәкаппар Күнді сүйген,
Гүлді сүйген...
мың аңыз, дастан едік.

Біз екеуміз – Өлең едік...
Мөп-мөлдір, жаңа туған,
Жаңа туған, ақ нұрдан жаратылған.
Мен Алуа-жырыңмын әнді сүйген,
жүрегі бар құсыңмын мәңгі сүйген...

Сипалашы қанатымнан...

**Гүлбақыт ҚАСЕН.**



## Құстар

Гүл-Көктем жетсе аптығып,
Қаларсың қалай аңғармай.
Дауыстың бәрі сап тынып,
Құс үні ғана қалғандай.

Біз жаққа жетсем деуменен,
Сарқылған шығар күш талай,
Сарнатып әуен кеудемнен,
Сағынтып жеткен құстар-ай.

Дос санап барлық адамды,
Ұя да салдың бұтаққа.
Көктемді күткен ғаламды,
Қанатыңменен құшақта.

Қарасаң сонау алысқа,
Көрінер ме екен түп шынар?!
Жер деген, бәлкім ғарышта
Қалықтап жүрген құс шығар.

Көңілімді шат қып көтерген
Байланып қалдым бір үнге.
Бір күні сөйлеп кетем мен
Қанатты құстың тілінде.

**Сағыныш НАМАЗШАМОВА.**



## Көктеммін

Алыссың деме түнімен,
Жүзіңе ай боп үңілем.
Жарысып қатар жарықпен
Өзіңе жетіп сүрінем.

Қаталсың деме арынды,
Арыным саған бағынды.
Ізгілік іздеп жаураған
Жылытам өзім жаныңды.

Суықсың деме бекерден,
Аяз боп сүйем шекеңнен.
Деміңе ыстық төзе алмай,
Қар болып еріп кетем мен.

Бөлексің дейсің, бөлекпін,
Бойымда тұнған өр екпін.
Өрнегін салған өлеңмен
Өмірге мына керекпін.

Жұмбақсың дейсің, жұмбақпын,
Ұйқысың түннің ұрлаппын.
Сезімге адал жандардың
Күзетіп сырын тұрмақпын.

Еркесің дейсің, еркемін,
Соңымнан шуақ ертемін.
Ертемен елді оятып,
Махаббат күйін шертемін.

Сағынтып саған жеткенмін,
Кеудеңе сезім еккенмін.
Жаураған мына әлемді
Жылытар қайта көктеммін.

**Торғын ТҰРЛЫБАЕВА.**



## Көктем

Қалай қалың?
Жүрсің бе аман, текті адам?
Осы сені іздегенде, кеудемде,
Жүрек емес, сыздауық бар деп қалам...
Әлем-ғашық,
Жүрек сынды сыздайды екен бүр деген,
Жарылардай демінен, көктем-
қыздың үрлеген.
Жылп-жылп еткен жылғадан,
Кең дүниенің етегі,
Мың сан рет тазарып,
Сан мың мәрте кірлеген.

Келесің бе?
Сағынышым, сарала қаз қаңқылына ұласты.
Саңғырықтан кірлемейді Күн асты.
Амалсыздан ақтап алып өзіңді,
Айыптаймын ашылмаған құлашты.

Хаос кеше үркіп ұшқан қансырап,
Қанатынан мұң-үйлесім тамшылап.
Үнің сенің өткен шақта тұншықты,
Үйлесімдер тамған тұсқа гүл шықты.

Көктем сайын күшіктеді жүз үміт,
Біз үмітке қарай бердік сүзіліп.
Қай көктемде кеп тұрады екенсің,
Мейірімсіз мезгілдерге мүжіліп?..

**Айнұр ТӨЛЕУ.**



## Сенің туған күніңде...

Дәл өзіңнің құрсағыңа сұрандық,
Дүниеге дүр сілкініп келгенім.
Бағалы екен! Бағалауға тұрарлық,
Маған өмір бергенің.

Тағдыр кештік сен де, мен де ауырлау,
Бір күлкіңе татымайды ісім мың.
Қиналғанда құшағыңа бауырлау,
Сондай ғажап, түсіндім.

Бір мұңаю байқап қалам көзіңнен,
Біз тұрғанда ол мұңаю бекер ғой.
Бала болу – ана болған кезімнен,
Сондай тәтті екен ғой.

Сағыныштан сарылу ғой сондағым.
Көңілімнің терезесі қирап жүр.
Ана сенің ортамызда болғаның,
Сондай бақыт сыйлап жүр!

Көктем еткен, өкпелеткен болды кез.
Ақ сүтіңмен жүрегіме қонып жыр.
Ана сенің алақаның соңғы кез,
Сондай ыстық болып жүр!

Бүгін міне кеуде мұзы түсті еріп,
Сыртымызда Күн күлімдеп тұрса да.
Сенің келіп жұбатқаның күш беріп,
Сондай керек білші Ана!

Сен құятын кесе – жақұт, нұр – шайың,
Мейір дейтін есейіпті гүлің де.
Өлең оқып тұрсам екен
жыл сайын,
Сенің туған күніңде!

**Мергүл АСЫЛХАНОВА.**



## Қайран көктем

Армандарға жетелеп асқаралы,
Дүниенің ашылып қас қабағы.
Хантәңірдің оранып шапағына,
Көктем біздің ауылдан басталады.

Беделіңе қарамай, атағыңа,
Аппақ таңы арайлап атады да.
Көктем біздің ауылдан басталады,
Хантәңірдің оранып шапағына.

Тіршіліктің осынау сағатында,
Озатын да пенде бар, қалатын да.
Құйқылжыса құс біткен бір әуенмен
Көктем келе жатады қанатында.

Алақанын арманым жайған көктем,
Ғұмырыңды мәңгілік сайран деп пе ең?
Өткендерге салауат айтып бүгін,
Көктем келді, тағы да
Қайран көктем!

**Мақпал МЫСА.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

**Басы өткен санда.**



# Қашқын

**Айдын КӘЛІМХАН**

Сол түні ол қуғын түскен Қарашәрі өңірінен тезірек шығып кетуге тырысты. Еш кідірген жоқ. Бір қолайлысы аспан ашық. Сүттей аппақ ай нұры айналаны анық көрсетіп тұр. Қыбыр еткен қара, тау мен дала, аяқ қағар әр түйір тас та көзге анық көрінеді. Кешеден ат мініп аптығы басыла бастаған оның басына енді жаяушылық күні тағы орнады. Керек десең қолында жүрек жалғарлық түйір дәні де қалмаған. Бастысы – екі аяғы сау. Адымдай басып ойлы-қырлы өлкемен аттай желіп келеді. Жүре-жүре ол бір сайға түскенде ойламаған жерден бір топ жылқы кез бола кетті. Оның ішінде бірен-саран тай, құлындар ғана бос. Ал, ірі басы бекітулі. Сағидолла үшін бұл іздегенге сұраған болды. Жылқылар бір жылғаны айнала шиырлап бас алмай жайылып жүр. Ол үркітіп алмайын деп еппен басып, шеткері тұрған біріне барып қол созды. Қос құлағын кезек қайшылаған құла бие алғашында қырын қарағанымен, тарпаң мінез таныта қойған жоқ. Басы-көзін сипап сәл үйірлестірген соң аяғындағы жіппен ноқталап мініп, бірден ағыза жөнелді. Жануар су төгілмес жорғаның өзі. Несін айтасың, қамшы салдыратын емес, лыпып тұр. Астына жайдақ та болса ат тиіп, көңілі орныққан оның енді ас тауып ішуге де бұрылғысы жоқ. Асу-асу белбелестерден асып, бұйра құмды адырлармен бұрқыратып барады. Осы жүрістен танбай, жол бойы жабайы жеміс-жидекті қорек еткен ол, келесі күнгі ымыртта бір тауға шығып бірақ жайғасты. Тәулік бойы аш құрсақ ат үстінде әбден қалжыраған Сағидолла қисайған жерінде қалды. Себебі, Қарашәрі көпірінен өткеннен бергі оның кесіліп бір демалғаны осы. Қанша қашып-пысып бой тасалап жүрсе де, қазірге көңілі тоқ. Көпірден өткеннен бері бойды билеген үркек үрейден де, ұйқы бермес сары уайымнан да арыла бастағандай.

Сағидолла сол ұйқыдан күн шыға бірақ оянды. Табиғаты тамылжыған тау іші тымтырыс. Сайда бойжеткен қыздың бір білеу бұрымындай мөлдір бұлақ бұлқына ағып жатыр. Сәлден соң ол өзі түнеп шыққан төскейді айналсоқтап тұрған құла биені жетелеп суға беттеді. Ат суын басқанша барар бағытын, жүрер жолын мөлшерлеп біраз отырды. Керек десең, оның ендігі жолға ұрттам су құйып алатын қуыс ыдысы да жоқ. Бәрі де алдыңғы күні көпірден өткенде қоңыр аттың қанжығасында қалған. Тіпті, қазір де жүрек жалғай қоятын тістем дәні болмаған соң оразасын қара сумен ашты. Ақыры орағытқан ойын орнықтырып, «құр уақыт өткізіп қайтем, жүрер жолым болса алыс. Табан аударып, жыбырлай берейін, бісміллә» деп жолға шықты.

Ол бір белден асып, таудан енді түсе бергенде қарама-қарсы беттен келе жатқан қалың малға ұшырасты. Таңертеңгі шабытпен әр шөптің басын бір шалып өткен қой, ешкі қайда барып байырқалары белгісіз. Бір қапталға сыймай, құмырсқаша құжынап келеді. Сағидолла малды үркітіп алам ба деп бұрыла жүріп, бақташыға қарай тура тартты. Ондағы ойы бақташыдан жөн сұрап, жол білу. Шошақ төбелі қара қалпағын баса киген әлгі малшы құла биесін жетелеп, өзіне тура келе жатқан адамды көріп тұра қалды. Қолындағы ұзын таяғына сүйеніп, шашау шыққан малына жиі-жиі айғайлап, ысқырып қояды. Сағидолла жақын барды. Малшы бас изеп, жылы шыраймен моңғол тілінде аман-сәлем жасады. «Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше» деген, осыдан соң-ақ Сағидолла да еш тартынған жоқ. Өзі жақсы білетін моңғол тілінде сөйлесе кетті. Ол өзін бір топ бекітулі жылқыдан айырылған жоқшы ретінде таныстырды. Сосын жетегіндегі құла биені нұсқап:

– Мынаны осы таудан таптым. Ал қалғаны жоқ. Сіз малшы екенсіз, ондай бөтен-бөтен мал көзіңізге түспеді ме? – деп сұрады.

Малшы басын шайқап, құла биеге бір, Сағидоллаға бір қарап қояды. «Жоқшы болса қалай жаяу жүр? Қолында не жүгені, не ноқтасы жоқ. Өң-әлпеті де жүттан шыққандай» деп ойлап тұрса керек. Сағидолла кідірген жоқ. Сөзін жалғай түсіп, бұл маңдағы ауылаймақ, ел-жұрттың жайын сұрастыра кетті. Малшы оған:

– Сәл жүрсеңіз алдыңыздағы бөктерден шағын бір ауыл кездеседі. Ол – біздің ауыл. Онда бірен-саран ұйғырлар болмаса, дені моңғол ұлты шоғырланған. Сондықтан жұрт оны «Моңғол ауылы» деп атап кеткен. Тірлігі осы мал. Сіз сұраған бөтен мал көзіме түспеді. Десе де төменгі ауылдағы өзге де малшылардан сұрастырып көріңіз, халық көп, бәлкім біреу болмаса біреу көрген шығар, – деп жөн сілтеді.

Жұрт таңертеңгі малын өрістетіп жіберіп, тегіс шайға отыра қалған кез. Атын жетелеп ауылға кірген Сағидолла әр үйдің маңын бір шолып, қыбырды бағып келеді. Бірақ өзіне керектісі көрінбейді. Тек үй бас сайын өзелене үріп шыққан бірді-екілі ит Сағидолланы шығарып салып, кері қайтып жатты. Сағидолла ауылдан шеткері орналасқан бір үйдің жанындағы отын үстінде жинаулы тұрған қос ер-тоқымды көріп қуанып кетті. Бірден жетіп баруға батылы бармай, маңайлап қана олай бір өтті, былай бір өтті. Бір тәуірі жыбыр еткен жан да, үріп шыққан ит те жоқ. Ақыры ешкім көрінбеген соң ол атын отындың қалқалай барып тоқтатып, ылдымжылдым ердің бірін ерттеп мініп зыта жөнелді.

Сағидолла көздегеніне қол жеткізген соң көп бөгелмеді. Атын ағызған бойда ауыл сыртына шығып кетті. Құла бие жануар су төгілмес жорғасынан еш танар емес. Сақпының тасындай зымырап, шаң боратып барады. Шылбырын қағып, сәл тебінген сайын екпіндей берді. Ол сол қарқынмен енді бір құмды өзектен өте беріп, жар жағасында жайбаракат жайылып жүрген бір топ қойдың ішінен бір қызыл марқаны іліп әкетті. Сағидолланың қызылға шүйліккен қырандай бұл әрекеті сырт көзден қалыс қала қоймаса керек, мал маңында жүрген бір топ бала болған болмысты ауылға жеткізіп, лезде жұртқа тараған. Сонымен олар бұл істі ауыл әкіміне хабарлап, азаматтар тегіс аттанысқа келген. Тіпті, әп-сәтте жал-жалдың басына қарауыл қойылып, ауылдағы шағын жүк көлігімен бір топ адам да шыққан. Осылайша біреудің малын, біреудің ерін қолды еткен жоқшыны ұзатпай ұстауға бекінген жұрт атты-жаяулы болып, жан-жаққа бет алған. «Батыр – аңғал» деген, Сағидолла болса бұдан мүлде бейхабар. Ауыл маңындағы бір сайға түсіп, қызыл тоқтының бірнеше жілігін көмбемен пісіріп мейлінше тойып, енді атқа қонғаны сол екен, жақын маңнан бір айғайшу естілгендей болды. Бірақ оны елеген ол жоқ, түк болмағандай өз жолымен аяңдап кете барады.

Осыдан кейін-ақ, оған қуғыншылар әр бағыттан лап қойған. Сағидолла жалғыз аяқ жолмен сай аузына шыға келісімен қолдарына ұзынды-қысқалы шоқпар алған бір топ жаяу тағы бірнеше атты қоршай берді. Жүрегі құрғыр зу етіп, абдырады да қалды. Күтпеген жерден тағы бір пәлеге ұшырағанын сонда сезген ол өзінің қалай қашарын да білмей дал. Шынымен қоршауда қалғанын енді ұқты. Керек десең, қару етер сынық таяқ та жоқ онда. Бастабында сәл сабырсызданып барып, артынша сабасына түскен Сағидолла енді олармен не де болса бір айқасуға бекіді. Бұлар негінде кезіндегі қазақ-жоңғар шайқасында жеңіліс тауып, бас сауғалап барып іре тепкен торғауыт қалмақтардың тұқымы. Сағидолла ат басын бұра тартып, қоршауға алған топтың арасынан өзіне шоқпарын білеп, төніп келе жатқан ала атты қалмаққа қарсы ұмтылды. Бар ойлағаны – шоқпардың астында қалмау. Оған қырандай қырағылық пен тегеуірінді тездік қажет. Қалмақ тұспа-тұс келіп, шоқпар сілтеді. Сағидолланың күткені де сол болатын. Қолтықтай өтіп, оң білектен сап берді. Асыра сілтенген шоқпар дарымай қалды. Сағидолла көз ілеспейтін жылдамдықпен оның қолын қайырып әкетіп, шоқпарын жұлып алды да, қарсыласын қара құстан қойып қалды. Бар пәрменімен ту сыртынан ұрылған шоқпардан еңгезердей қалмақ қалпақтай ұшып түсті. «Өлтірді, өлтірді!» десіп көпшілік шу ете қалды. Қаншалықты жарақат алғаны белгісіз. «Қайта шапқан жау жаман», Сағидолла енді өзін қамап тұрған топқа қарай ұмтылды. Қара ала атты қалмақ құлап түскен соң оған ешкім тосқауыл бола алған жоқ. Ағызып келе жатқан аттыға жаяулар жарыла қашып, жол берді. Қолға тиген шоқпарын оңды-солды сілтеп, қырат аса жөнелген оның соңында тағы да айғай-шу қаптады да кетті. Әр төбенің басынан қарауылдағандар моңғол тілінде шуласып, «анда кетті, мұнда кетті» деп бір-біріне хабар жеткізіп жатты.

Сағидолла келесі бөктердегі ұзын-сонар кенере жолға түскен соң, барар бағыты – батысты бетке алған. Бірақ, оның оң бүйірінен жанай кеп қадалған жүк көлігіндегілер оны еркіне қоймады. Еріксіз ат басын тауға бұрғызды. Ол енді бөктер жолды тастай беріп, тауға қарай бет алды. Тауға барып бой тасаламақ. Апандағы аюша гүрілдеп, толассыз ышқынған көлігі түскір еш қалысар емес. Әйтеуір, қоян бұлттаққа салып, атты асқан қырат-қыраттың бәрін қуып, қалмай келеді. Сағидолла түнде де осы маңға түнеп шыққан. Айналып, айналып қайта тапты. Күн де еңкейіп барады екен. Алыстағы ауыл иттерінің үні, арттағы машинаның гүрілі, адамдардың айғай-шуы, бәрі-бәрі де анық естіліп тұр. Тіпті, қуғыншылар сені ұстамай тынбаймыз дегендей әлі де өкшелей қуып келеді. Сағидолла болса өзі өрлеген саймен бірнеше тұмсық айнала беріп, үлкен тас түйыққа келіп қамалды да қалды. Көлік дауысы жақыннан келеді. Жан-жағына қанша қарап тырысқанымен, сытылып шығатын жол жоқ. Ақыры аты қалып, өзі тастан-тасқа жармасып, құзға қарай өрмелей берді. Көп өтпей улап-шулап арттағылар да келді. Сағидолла оларды жоғардағы қалың жақпар жартастардың арасында жасырынып жатып анық көрді. Көліктен түскен бір топ адам ертоқым мен тізгін-шылбырын шұбатып бейқам жайылып тұрған құла биенің маңын ары қарады, бері қарады. Бірақ иесін тапқан жоқ. Осы кезде оларға тағы бір атты адам келіп қосылды. Олар айналаны әбден тінтіп қарады да, бірден жаңағы атты адамның бұйрығымен құздан құлаған тастай сырғып, төмен түсті. Қуғыншылар көлік маңына жиналып, біраз тұрды. Не айтты, не қойды белгісіз. Әйтеуір, біріне бірі ырық берместен біраз шуласып тұрды да, күн бата кері қайтты. Осылайша бірнеше тәуліктік жолда оның табанын жерге тигізбей жеткен құла бие жануар әлгі аттының жетегінде кетті.

## VII

Сағидолла Қарашәрі көпірінен өткеннен бергі айдан астам уақытта Үрімжі айналып, Санжы, Құтыби, Манас сынды ірі қалаларды артқа тастапты. Осы аралықта бұрынғыдай жол азықтан көп тарыға қойған жоқ, аракідік қала базарларына кіріп, қолында бар тиынтебенімен қарын қамын бір күйіттеп шығатын. Үлкен-үлкен базар, қарақұртша қайнаған қалың адам, біреуді біреу білмейді. Тек оған көлденең тексеруге деп келіп, ұсталып қалудан сақ жүрсе болғаны. Сөйтіп ол үнемі алыстан айбаттана көрініп, ұшы-қиырсыз ұзыннан-ұзақ сұлап жататын Еренқабырға тауына да жетті.

Бұл өңір XX ғасырдың орта шеніндегі Шығыс Түркістан қазақтарының көшбасшысының бірі болған әйгілі Қалибек Хәкімнің ескі жұрты. Шығысында Манас, батысында Қорқыс өзені. Тіпті, қуа берсең сонау Үрімжі, Қаратау, Боғдаға дейінгі кең атыраптың бәрі де ежелден қазақ мекен еткен жерлер. Жер шарында қазақ баласы аяқ баспаған тау мен тас, іргесі тимеген жер қалды ма екен, сірә? Сағидолла соның бәрін ойлап, киелі өлкенің бір шетіне ілiндіміау ақыры деп кең тыныстағандай болды. Тіпті, Еренқабырға тауының бөктеріндегі «Қалибектің дөңжайлауы» аталып кеткен бір биікте ұзақ отырып, өткен-кеткенді тағы бір мәрте есіне алды.

Кезінде Гоминдаң өкіметінің қысымына ұшыраған Қалибек Хакім кейін біраз елді бастап атақты Гималай тауын асып, Түркияға өтіп кеткен. Мұндағы ел біз Хәкім Қалибектің жерлесі едік деуден, тіпті, атын атаудан қалған. Ал, Қалибек аға болса, нағыз елі үшін еңіреп өткен ер еді ғой?! Оның алғашқы мекені Майлы-Жайырда мен де туып өскем. Есіл ер қазір дүниенің қай бұрышында жүр екен деші, бар ма екен өзі өмірде? Жоқ, әлде ол да мен құсап, саз кешіп, запыран құсып, келте ғұмырын жазықсыз қуғын сүргінмен өткізіп жүр ме екен?..

Бұдан ары Сауан ауданы. Сарғая піскен егін. Сағым қуған дала. Күн де ашық. Несін айтасың, нағыз шаруаға жайлы мезгіл. Сол күні Сағидолла Дөңжайлау маңына түнеп, таң ата тағы да жолға шыққан. Тек исі қазақ баласының іргесі тиген жерлерді көріп көз айдын, көңілі де тоқ. Сауан жұрты тегіс орақ науқанына кірісіпті. Біреулер ат, өгіз арбаларға тиелген қап-қап астығын жеткеп әкетіп жатса, енді біреулер шаңтас соғып, масақ теріп, бидай ұшырумен әбігер. Қырманды алқапта қаурт еңбек. Бірақ, осы бір аста-төк өнімнің жергілікті елдің игілігіне беріле қоймасы анық. Бәрібір ақысыз өкіметке тапсырылады. Ал, халық ше? Халықтың хәлі тым мүшкіл. Ашаршылықтан әлі толық арыла қоймаған, жұттан шыққан тоқтыдай жүдеубас. Ала жаздайғы дикан-шаруалардың маңдай терінің бұл бодауы кімнің қазанына түсіп, кімнің құлқынында кетіп жатқаны да белгісіз. Әйтеуір, астық тапшы. Дегенмен, мына бір ғана көз жеткісіз атырaптағы толықсыған бидай теңізіне қарап, елде ашаршылық дегенге сену қиын. Қалай айтсақта ақиқаты сол, ай сайын жұрт ең төмен өлшеммен жан басына шақтап берген жүгері ұнын қорек етіп, өлместің күнін көріп келеді. Егер ел ауқаттырақ болғанда Сағидолла бұдан былайғы жолында кездескен қазақ баласының үйіне түнеп жүре берсе ешкім де оған кет ары демес еді. Амал нешік, «жоқ жомарттың қолын байлайды» деген, жоқшылыққа амал да жоқ, ел жайын, жұрт

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

жайын біле тұра кімге-кім өкпелегендей.

Сауан аумағы. Сайын даланың жота-жондарын әлсіз нұрымен шалып, күн еңкейіп барады. Сағидолла сары бөктердегі егіс алқабынан шығып, енді бір ауыл шетіне іліне бергенде алдынан есік пен төрдей кері атқа мінген біреу кез бола кетті. Оның қайдан шыққаны белгісіз, ауыл арасында бір топ сиырды жинақтап, көше бойлатып айдап барады екен. Тоқтап сәлемдескен жоқ, басын изеп қана өте берді. Ат мінісі, әбзелі қазақилау болғанымен, түр-тұлғасы басқа, қытай тектес. Басына кигені ақ тақия, діндар адамға ұқсайды. Бәлкім, ол осы аймақтағы қазақтармен етене жақын болып кеткен қалың дұңгендердің бірі болар. Мейлі енді, кім болса ол болсын. Басқа емес Сағидоллаға оның аты ұнады.

Түннің бір уағы. Ай жап-жарық. Кештен бері ауыл маңын айналсоқтап шықпай қойған Сағидолла ақыры кері атты ер-тұрманымен қолға түсіріпті. Көп айналған жоқ, бісміллэсін айтты да, өз бағыты, өз жолымен тарты кетті. Алда Шиху қаласы. Сағидолла бұл аймақта көп жүрмегенімен, жалпы жол сырына қанық, көкейінде сайрап тұр. Оның Сауан мен Шиху арасындағы елсізде желдей есіп келе жатқанына да екі күн өтті. Түнде кері атты беті ашық жерлерге бекітіп, өзі жанында түнеп шығады. Жануарға жан пендесіз иенде қасқыр шауып кетуі де мүмкін. Құдай сақтасын, жаман айтпай, жақсы жоқ, аң-құс аңдып, шұбырып жүрген шибөрілер кез бола кетіп, тобымен бірақ жабылса біткені ғой. Қолында сынық бұрауы да жоқ жалғыз Сағидолла оларға не істей алмақ? Аты тұр ғой өзін жазым етері анық. Бағына орай ондай сұмдық бола қойған жоқ, болмай-ақ та қойсын. Енді қырсыққанда көпке бармай қоржыны босап, әл азығы таусылыпты. Міне, содан бірнеше тәулікке созылған аштық оны әбден қалжыратты. Жанын жай таптырмады. Ат үсті болса да барған сайын буын-буыны құрып әлсірей берді. Тіпті, қанша қарбанса да құлазыған қу даладан жүрек жалғар ештеңе табылатын емес, табылатын да қисын жоқ. Тек ара-тұра торсығындағы судан жұтып, аш құрсағын алдаусыратқан болады. Құр су ауқат бола ма, оның үстіне мұндайда әудем жердің алыстап кететіні бар емес пе. Бір елді мекен кездесер деген үмітпен көз көрімдегі бір қыраттан асса, алыстан мұнартып екіншісі көрінеді. Аптап ыстықта алдамшы сағымдай созылған жол сілемі осылай жалғасып, бітім бермей-ақ қойды. Шиху қаласына дейін тағы біраз жол бар.

Сағидолланың аш қарын ат үстінде келе жатқанына екі тәуліктен асқан. Жол бойы не бір ауыл, не бір жан баласы кездеспеді. Бар сенер жалғыз серігі – кері ат. Әйтеуір, далада қалдырмас деген сеніммен соның күйін күйттейді. Кейде, тіпті, жануарды тынықтырып, қарнын тойдыру үшін өзінің аштығына қарамастан айдалада әдейі еру болады. Жүре келе ол үлкен бір күре жолға келіп түйісті. Ендігі үміт тек сол жолда. Үрімжіге бет алған жүк көліктері мен басқа да жүргіншілердің дені осы жолдан өтетін. Сары ізіме шөп салып, ат сабылта іздеп жүрген қуғыншылар болмаса, мұнда мені кім танып жатыр, біреу болмаса біреуді тоқтатып, тіске басар бірдеңе сұрармын деген оймен ілгерілей берді. Осыдан соң көп жүрмей ол бір жерге құмырсқаша ұйлығып, қаптап жатқан қалың көгершінді көріп қуанып кетті. Шамасы жол бойына ары-бері астық тасымалдаушылардан бір қап бидай түсіп, шашылып қалса керек, қаптаған қалың көптер бас алмай теріп жатыр. Өздері үркетін емес, табан астынан ұшқаны ұзамай айналып-айналып келіп қайта қонады. «Өлмегенге өлі балық жолығады» деген осы-ау, сірә. Сағидолла аттан түсіп, үйірлі құсты тобымен көздеп тас атты. Олардың көптігі мұндай жақсы болар ма, әр лақтырылған тастан көп олжасыз қала қойған жоқ. Лезде қос-қостан сұлатып, аш өзегін жалғап, көптер етіне кекіре тойып, жан шақырғандай болды.

Араға апта салып, Сағидолла Шиху қаласына да жетті. Дәл сол тұста оның Сексентам жаза лагерінен қашып шыққанына тұп-тура екі жарым айдан асқан. Осы аралықта қаншама шөл, таусылып бітпейтін қырқа-қыраттар мен асқар-асулар артта қалды десеңші? Алда тағы біраз жол мен шекара өткелі тұр. Соның бәрін еске алған оның көңілі көп күдіктен сәл де болса арыла бастағандай. Шиху қаласына келісімен Сағидолла бірден Жұмахан есімді бір танысының үйін іздеп тапты. Жұмахан бір жыл бұрын Сексентам абақтысынан босап шыққан. Ол да сол баяғы жазықсыз жаланың құрбаны болып, бес жыл жаза арқалаған көп қазақтың бірі. Кесілген бес жыл мерзімін толық өтеп қайтқан Жұмахан Сағидолланың ит арқасы қиыннан қалай келіп қалғанына аң-таң. Тіпті, түсіне де кірмейтін іс еді, себебі, Жұмахан босап қайтқанда Сағидолланың өтелмеген әлі он екі жылдан астам уақыты бар болатын. Онда Жұмаханның жұмысы не, Сағидоланның аты әйгілі қашқын екенін жақсы біледі. Бірақ, біле тұра ол жағынан тіс жарып ештеңе сұраған жоқ, екеуінің де етектері жасқа толып, еңіреп табысты. Өйткені, «ашыққанда жеген құйқаның дәмі кетпес», олар небір қиын-қыстау кезеңдерде жарты бидайды жарып, бүтін бидайды бөліп жеген, талай ащы-тұщының дәмін бірге татқан саптас. Сағидолла досының үйінде үш күн болып, басы-көзін, киім-кешегін тазартып, шаш-тырнағын алдырып, бір жасап қалғандай болды.

Сағидолла Жұмаханның үйінде болған осы бір үш күнде біраз әңгімелер айтылды. Бірақ түрмедегі жалпы жағдай, қазаққа төнген нәубет бәрі-бәрі қамтылса да, Сағидолланың түрмеден қашып шығуы жайында мүлде сөз қозғалған жоқ, жұмбақ күйінде қала берді. Бұл туралы шынын айтса да, Жұмахан ешкімге сыр шашпайтыны белгілі, әрине. Дегенмен, Сағидолла өзінің азып-тозып жүрген мына халін ойлап, досының бала-шағасын үркітіп алам ба деп қорыққан. Тек шай үстіндегі бір сөз кезегінде Жұмаханға: «Мені ұсталық істеп белсенді еңбек еткенім үшін мерзімімнен бұрын босатты. Сонымен, жол-жөнекей бір көлік тауып мініп, ауылға беттеп барам» деген. Бұл сөзге Жұмахан нанды ма, нанбады ма белгісіз, одан әрі ол да қузап сұраған жоқ, Сағидолла да басы артық ештеңе айтпады. Жұмахан бастысы оның аман-сау қайтып келе жатқанына қуанған. Қуанбай қайтсін, олар сол бір қарғыс атқан жаза лагерінде не көрмеді, аштықтан, ауру мен ауыр қинаудан ес жимай кетіп жатқан талай жанды өз көздерімен көрген. Оған қарағанда тәубе. Сол тұста оларда бір ғана арман болатын, жатса тұрса Алладан тілері біреу-ақ еді. «Е, жаратушы жалғыз ием, көп жасамасақ жасамай-ақ қояйық, бірақ бізді мына бір тозақтан өзің құтқарғайсың. Сүйегіміздің ит-құсқа жем болып, Такламаканның шөлінде қалуынан өзің сақта, туған жерден бір уыс топырақ бұйыртсаң ғана болғаны» дейтін.

Жұмахан шамасы жеткенше досына бір малын сойып, үш күн бойы асты-үстіне түсіп күтті. Төртінші күні таң қылаң бере оның азығын сайлап, жолға өзі шығарып салды. Ол қимай қоштасып бара жатқан Сағидолланың соңынан көз алмай қарап ұзақ тұрды. «Шіркін, Сағидолла нағыз ер, уәдеге берік асыл азамат қой, мұндайлар ілуде бір кездесер. Әрдайым жортқанда жолың болсын, аңсаған арманыңа жет!» – деп іштей тілегін тіледі. Жұмахан басқа емес, Сағидолланың басына қандай іс түссе де, өзін ғана көрсетіп, өзгелерді арандатпайтын адалдығы мен турашылдығына дән риза. Ол біреуге біреу жала жауып, жан біткен жалпай жәбір көріп жатқан тұста да шындықтан, ақиқаттан тайған емес. Жазықсыз жаза шеккен жандарға сан мәрте ара түсіп, қол ұшын созған да – осы Сағидолла. Тіпті, біреу үшін өзі сорланған кездері де көп оның. Қалай дегенмен де Сағидолланың исі қазақ баласына жасаған жақсылықтары айтып тауысқысыз. Біреу үшін жанын беруге дайын тұратын асыл қасиеті оны танитын әрбір адамның да есінде.

Сағидолла Шиху қаласынан аттанған бойда араға бір қонып, өзі туып өскен Майлы тауының етегіне келіп ілінді. Көңіл шіркін астаң-кестең. Сағыныштан көзден аққан жас жүзін жуып, ағыл-тегіл бір сәт босап қоя берген. Туған жерін тірі көрем деп ойлап па еді, кеткелі үш жылға жуықтаса да жер жарықтық еш өзгермеген. Жердің не жазығы бар, зұлымдық атаулының барлығы сол жердің бетін мекен еткен адам қолымен жасалып жатқан жоқ па? «Қарабауырдың май бөктері» аталатын сексеуілді алқап қалың аң-құстың мекені.

Үйір-үйір даланың кер шабдар жылқысы да осы жерде. Жаңа ғана бір тобын кездестірген. Енді ілгері жүрген сайын түйе шудасындай сарыбалақ сексеуіл арасынан жалт беріп қашқан топ-топ қарақұйрықтар мен көк қиқты қоға түбінен ұшқан қырғауылдардан ат үркеді. Ол бірде ат шаптырым аумақты алып жатқан құмды өзекті кесіп өтіп, сары бөктерден бұлдырап көрінген Сарықамыс, Бұрқыстай мен Сарыжақ ауылдарына қарай бет алды. Әр жерден малшылардың ақ шаңқан үйлері көрінеді. Алыстан ауылдың бір түйір дәмін аңсап, кенезесі кеуіп келе жатқан ол келесі кездескен үйдің біріне әдейі бұрылды. Қапырық ыстықтан даланы айтпағанда үй ішінің өзі тынып тұр. Екі үй қатар тігіліпті, іргесі белдеу арқанның тұсына дейін түрілген. Үйде бөгде ешкім жоқ көрінеді. Тек жиырма жастар шамасындағы екі бойжеткен қыз бен естияр бір ер бала ғана жүр. Қазақы дәстүрмен иіліп сәлем салып, ізгі ілтипат көрсеткен екі қыз әлгі баланы шақырып, қонақтың атын ұстатып үйге бастады.

Қонақ жайғаса салысымен қыздар көп кідірместен есік алдындағы жерошаққа от тұтатып, үш сирақты темір мосыға шай асты. Шай қайнатым әредік. Сағидолла төр алдында қабаттай салынған кестелі көрпенің үстінде шынтағына жастық қойып жамбастап жатқан. Үй іші оюлы сырмақ, қатталып жиналған көрпе жастық пен сәнді жасауға толы. Оң жақта қайқы бас ағаш төсек, тұсына тұскиіз ілініп, жас жұбайлардың шымылдығы құрылыпты. Ал есіктен кіреберістегі сол жақ босағада саба толы іркіт сәл божыса аузынан асып төгілердей іркілдеп әзер тұр. Сағидолла келіп түскелі ет асым уақыт өтті, қыздар асығатын емес. Ошақ басында барып ауыздары сөзден бір босамай-ақ қойды. Екеуара бірдеңелерін айтып, анда-санда нәзік үнмен сықылықтап күліп се алады. Олар қонақ түскен үй жаққа кезек-кезек қарап, көздерімен бір шолып қояды. Сағидолла ештеңені елеген жоқ, баяғы көңіл, сабырлы да салмақты қалпы. Қыздарда бөтен ой бар-ау деп күдіктенген де емес, төр алдында еш уайымсыз көсіліп жатыр. Енді бірде қыздардың іргелес үйге кіріп алып күбір-күбір айтқан әңгімесінен «Бұл кісі сол қашқын болмасын» деген сөзі Сағидолланың құлағына бірден шалынды. «Қашқын» деген сөзден секем алған ол үй іргесіне жақындай түсіп, қыздар жаққа құлақ түрді. Екі қыз ер баланы шақырып: «Өткенде ауданнан келген басшылар жиналыста Сағидолла деген кісі Тарымдағы түрмеден қашып кетіпті, көрген-білгендер болса хабарласын. Егер көріп тұрып жасырғандар қатаң жазаланады демеді ме? Мына кісінің түр-тұлғасы мүлде бөтен. Сен төменгі Дәукеннің ауылына барсаң, сонда ауыл басшылары бар. Соларға барып хабарла. Біз қонақтың шайын бергенше, сендер де келіп қаларсыңдар» деп тапсырма беріп жатыр екен. Сағидолланың алыстан аңсап, алып-ұшып келген көңілі су сепкендей басылды. Бәрін ет құлағымен естіді, енді екі қыз шай емес, бал берсе де бата ма? Сағидолла еш кідірместен үйден шығып, белдеудегі ат шылбырын қолына алды. Осы сәтте үй іргесінде ырс-ырс етіп, тілі салақтап, әзер дем алып жатқан қара ауыз ит арсылдай жөнелді. Сол-ақ екен, үйден жүгіріп шыққан екі қыз кетуге бет алған қонағын көріп: «Ой, аға қайда барасыз? Шай да қайнап қалды ғой. Біз енді дастархан жаяйық деп жатсақ, мұныңыз не?» деп жығыла жабысқандай болды. Бірақ Сағидолла атқа мініп алған. Ат тізгінін сәл тартып, екеуіне: «Төменгі ауылда жатқан бастықсымақтарыңа барып айтыңдар! Одан әрі аудандағы белсенді топтарыңа да жеткізіңдер! Мен әлгінде өздерің айтқан Тарымдағы Сексентем түрмесінен қашқан Сағидолланың дәл өзімін. Енді мені іздегендер болса Қазақстанның ұлан-ғайыр даласынан табады!» – деп ескертті де, атын бір тебініп жүріп кетті.

Сағидолла бұдан былайғы ел жайына да, жер сырына да әбден қанық. Жаңағы қыздар бастықтарына барып айтып, одан соң аудан орталығына хабар жеткізгенше кемінде үш-төрт күн уақыт қажет. Телефон байланысы деген мүлдем жоқ, тек мұндай шұғыл хабарлама арнайы шабарман арқылы ғана жеткізілетін. Осыны ойлаған Сағидолла енді еш қамсыз. Ауыл адамдарынан жасқанатын да, үрейленетін де емес. Дегенмен, «жау жоқ деме, жар астында», сақтық керек, байқаған абзал. «Әлгі қыздар кімге қызмет етіп, кімнің сойылын соғып тұрғанын өздері де білмейді. Осындай берекесіздігімізден кесірінен қаншама қазақ орға жығылды, қаншама қазақ жазықсыз жәбір көріп, қаншама қазақ жапа шегіп жатыр? Қазақтың жауы – қазақ қана деген осы-ау, сірә?» деп ойлады сонда Сағидолла.

Сағидолла сол күні Қарабауырдың батысындағы Суыр, Шалғай тауларына шығып түнеді. Бұл өңірдің сай-саласы, әрбір жыра-жылғасына дейін әбден таныс. Себебі, ол жастайынан әкесі Досжанға еріп, өз қолдарымен соққан бес атарын асынып, аң-құс атып көп кезген. Сондықтан да бұл маңдағы Суыр-Шалғай, Майлы-Жайыр, тіпті, одан арғы Барлық пен Орқашар тауларына дейінгі атырап бәрі-бәрі де жаттаулы, бес саусақтай көңілінде сайрап тұр. Оның үстіне өзімен бірге айыпталып, кейін бақылауда қалған Сайдығұлан деген үлкен жездесінің қыстауы да осы маңда. Бірақ Суыр-Шалғай, Қарашоқы өңірі қазірге елсіз, тек жазда қыстаулықтарды қоритын бірен-саран қорушылар ғана қалған. Сағидолла ертең сол жездесінің қыстауына да соқпақ. Ондағы ойы, жылда дәл осы тамыз айында мұндағы әр қыстаудың иесі салт келіп, шөп шабатын. Сол шөпшілер арасында жездем Сайдығұлан да келіп қалды ма деген дәме еді. Егер кездесе қалса жалпы туыс-туған, бала-шағаларымның жайын ұғып, саулығымды айтып кетейін деген.

Сағидолла түннің бір уағына дейін көз ілмеді. Бірде ол басын көтеріп кең тыныстап, меңіреу түннің салқын жұпарын құшырлана жұтады, енді бірде шалқалай түсіп жұлдызды аспанға телміре қарап ұзақ жатады. Әредік көз алдына әлденелер елестеп, «қайран менің қазағымның дархан даласы-ай» деп күрсініп қояды. «Арғы беті орысқа, бергі жағы шұршұттерге тиіп, өз жерімізден өзіміз пана таппай, босып жүрген түріміз мынау» – дейді өз-өзіне күбірлеп.

Сағидолланың бұл ойының да астарлы ақиқаты бар. 1862 жылғы «Шәуешек келісімі» деген құжатқа Санкт-Петербургте қол қойылған. Сол кезде патша өкіметі қазақ даласының шығысындағы Алтай, Тарбағатай мен Іле аймақтарын тұтас Қытайға қаратып берген. Сонымен арада бір ғасыр өткенде, яғни 1962 жылы Орыс-Қытай елі тағы бір келісімге келген. Онда кезіндегі Қытайға берілген осы үш аймақтың жері үшін Қытай жағы орысқа еңбеккүш ретінде адамын қайтаруға міндеттеледі. Екі ел біраз уақыт ортадағы шекараны ашып қойып, Қытайға тиген жердің бодауына берілетін адам саны әбден толғанда шекараны тарс жапқан. Көште қазақ жеріне қарай ағылған қазақтардың алды өтіп, арты Қытайға тиген жерде қалып қояды. Кейін Қытай билігі ұш аймақта қалған қазақтардың барлығына «шетке табынушылар» деген ат қойып, шетінен ұстап жазалайды. Сол шетке қашу тобының бір мүшесі деген желеумен жазықсыз сотталып, соры қайнағандардың бірі, міне, осы Сағидолла болатын.

Осы болмыстардың бәрін қайта бір елестетіп шыққан Сағидолла «Шіркін, ата-бабаларымыз армандап кеткен тәуелсіздікке қашан қол жетер екен? Бұл жолы менің алдымда тағы қандай тағдыр күтіп тұр? Бағым ба, әлде сорым ба, ол жағы бір Алланың өзіне ғана аян» деген ойдан арыла алмай, терең-терең тыныс алып, кезек-кезек аунақши берді. Осымен түннің бір мезгілінде талығып барып әзерге көз ілген.

Келесі күні түске қарай Сағидолла күйеу баласы Сайдығұланның қыстауына келді. Бұрынғыша ағалап алдынан қарсы ала шығатын қарындасы да жоқ, жан пендесіз иен қыстау тоналған үйдей есік-терезелері үңірейіп, құлазып тұр. Жанарына үйіріліп жас та келді. Бұл, әрине, сағыныштың жасы. «Басқа қыстауларда бірен-саран шөпшілер бар көрінеді. Менің туыстарым қалайша келмеді екен, келуі керек еді ғой. Әлде мен кеткенде қатаң бақылауда қалған күйеу балам Сайдығұлан сол бойы тас қапаста қалып қойды ма екен» деп те ойлады. Алдымен аттан түсіп, қыстау алдындағы бұлақ бойына барды. Тусыған шөп арасынан әрең-әрең жылтыраған тасбұлақ жылып ғана ағып жатыр. Сағидолла қос қолдап бастау суынан тартып-тартып жіберді. Жұтқыншақтан өткен салқын зәмзәм алыстан аңсап жеткен оның зарығын басып, сарайын ашып, бір сергітіп тастағандай.

Қыстауда ешкім болмаса да, Сағидолла екі түнеп, үшінші күні тағы бір қыстауға келіп түсті. Ол да иен, жыбыр еткен жан баласы жоқ. Алдымен жайланып ас-суын ішіп, сәл демін алған соң атын жетелеп, төскейдегі қыстаудың қой қорасына барып кірді. Төбесі ашық тас қораның жағалауына айналдыра қи жиналыпты, тек қора төріндегі біраз қи құлап, қасқа тісінің бірі түскен адамның қызыл иегінше кетиіп тұр. «Балақтағы бит аттан түсіреді» деген. Сағидолланың ұзақ жолдан денесі кірлеп, әбден бит басып кетсе керек, ат шылбырын қораның ішкі жағалауына іле салып, жейдесін бит пен сіркеден арылтып ұзақ отырды. Мұндай бейсауат адамның қарасын жал-жалға шығып қараулайтын қыстау қорушыларының бірі байқаған. Қорушы дереу сол маңдағы шөпшілерге шауып барып, мән-жайды мәлім еткен. Олар бірден аттаныска келіп, Сағидолланы отырған жерінде тыпыр еткізбей ұстауға қам жасаған.

Сағидолла бұдан мүлде бейхабар. Қамсыз күйде өз әлегі өзінде болып отыра берген. Тек кері ат оқыранып, жер тарпығанда ғана селт етіп, жейдесін іле сала атқа қарғып мінеді. Әдетте бөгде біреулердің тықырын сезсе, жануар иесіне осылай хабар беретін. Бірақ бұл сәл кеш еді. Ол атына міне салып, енді ұмтылмақ боп, қораның есігіне қараса бес-алты атты адам тұр. Қолдарында бір-бір шоқпар, енді қайда қашасың дегендей ат үстінде шіреніп, шекірейе қарайды. Сағидолла қора ішін айналып, айналып келіп, кері атты төрдегі қидың кетігіне салды. Жануар іркілген жоқ, бір метрден астам биіктіктен тұяқ ілместен атылып шығып кетті.

Аттылар қораны айнала шауып келгенше Сағидолла қыстау желкесіндегі тас қияны аса жөнелді. Енді кері ат жеткізсін бе, тіпті, қуып жеткен күннің өзінде Сағидолла оларды бір-бірлеп сұлатып салуға дайын. Бірақ олай істеген жоқ, себебі, бәрі де қарапайым қазақтың баласы, дүрмекке еріп, дүркіреп жүрген алкеуде жастар. Олар етектері желбіреп Сағидолланы біраз жерге дейін қуып барды, бірақ жете алған жоқ. Қыстау сонысында жүрген тоқ аттары тұралап, бірінен соң бірі алыстап артта қала берді. Енді олардың жете алмайтына әбден көзі жеткен Сағидолла ақыры ат басын өзі тартты. Тосып тұрып жақындап қалған үш аттыға қарап: «Жә, бауырлар сол орындарыңда қозғалмай тұрыңдар, біраз сөйлесейік» – деді ауыздықпен алысып тықыршып тұрған кері атты шаужайлай түсіп. – Мен сендер ойлағандай ұры да, қары да емеспін, жай жолаушымын. Қыстауларыңнан сынық бұрау алғам жоқ. Шынымды айтсам өзім үш айлық жол басып келе жатқан қашқынмын. Мына тұрған жартас қораны қыстайтын Сайдығұланның туған балдызымын. Осыдан үш жыл бұрын сотталып, Тарымға жер аударылып кеткем. Содан Түрмеден қашып шығып, Қазақстанды бетке алып келе жатқан жайым бар» – деді.

**Соңы келесі санда.**

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# ВЕЛИКИЕ ЖЕНЩИНЫ



# КАЗАХСТАНА

*Женщина – олицетворение красоты, нежности и любви. Символично, что женский праздник отмечается в первые дни весны. Весна прекрасна, как женщины, женщины подобны весне. Женщины щедростью своей души порождают прочную основу и фундамент крепкой семьи, наполняют глубоким содержанием жизнь в каждом доме и обществе. Культурный уровень, духовное совершенство любого общества определяется отношением к женщине и одной из высших ценностей является уважение и почитание женщины, в первую очередь матери. Несомненно, в лице наших дорогих женщин видим прекрасные творения Всевышнего, от которых в первую очередь зависит продолжение рода на Земле. Поэтому испокон веков люди преклоняются перед образом Матери. Для нашего народа образ женщины с древнейших времен был символом доброты, самоотверженности и преданности.*

В древних изречениях народа говорится: «Если растёт сын – достояние потомков, если растёт дочь – достояние народа», «Счастье народа – хан, счастье рода – бий, счастье аймака – аксакал, счастье аула – байбише». В поговорках говорится:

«Землю хранят мужчины, нацию сохраняют девушки», «Благодарю соль, дающую вкус еде, благодарю девушку, соединяющую между собой народ». И в свою очередь Мухтар Ауэзов тоже подчёркивал: «Будущее нации в руках девушек и матерей». История человечества во все времена и у всех народов сохранила огромное количество примеров, как из среды, казалось бы, хрупких и слабых женщин выходили одаренные и царицы, и гении, и знаменитые поэтессы и актрисы, и героические батыры. Не лишены таких женщин и мы. В историографии Великой степи есть немало женских имен, о которых слагали песни, стихи, поэмы, чьи имена превратились в легенды. Конечно, обо всех не напишешь, приводим лишь некоторые примеры небывалого мужества, таланта, силы вдохновения и побед с женским лицом.

Война - мужское дело. Так принято считать. Но события 1941-1945 годов не выбирали своих героев по половому признаку. Эти великие женщины построили фундамент нашей спокойной жизни. Ценой своей жизни они отстояли наше право на будущее в ту эпоху, которая могла переломить ход всей сегодняшней истории. Такой смелой и боевой девушки как Алия, которая готова была стоять горой за свою Родину, за своих близких и друзей, советский народ не видел никогда. В начале войны Алие Молдагуловой было 15 лет.

В конце 1942 года она добровольно вступила в школу снайперов и окончила ее на «отлично». У нее на счету 78 уничтоженных солдат и офицеров противника. Однажды пятеро немецких солдат, заметив нескольких девушек-снайперов, идущих в их сторону по нейтральной полосе, устроили засаду. Однако первой успела выстрелить Алия, еще двух убили снайперы Зина и Надя, оставшихся двух солдат противника девушки под конвоем привели на командный пункт. 14 января 1944 года севернее города Новосокольники Алия была смертельно ранена. Будучи раненой в руку осколком мины, девушка вступила в рукопашный бой с немецкими солдатами. В это время пуля фашистского офицера попала в грудь Алии. Последним усилием она ответила противнику метким выстрелом... 4 июня 1944 года Алие Нурмухамбетовне Молдагуловой было посмертно присвоено звание Героя Советского Союза. Особой отвагой также отличалась Маншук Маметова. Она также, как и Алия, рано потеряла родителей. 15 октября 1943 года войска Калининского фронта, в составе которых воевала Маншук, вели ожесточенные бои за освобождение города Невеля. Фашисты сражались яростно, цепляясь за каждую высоту. Они непрерывно переходили в контратаки, стремясь задержать наступление советских подразделений. Закрепившись на выгодной позиции, оставшись одна из пулемётного расчёта, будучи тяжело раненной осколком в голову, Маншук уничтожила 70 солдат противника и погибла смертью храбрых. Звание Героя Президиум Верховного Совета СССР посмертно присвоил старшему сержанту Маметовой Маншук Жиенгалиевне 1 марта 1944 года. Хыйуаз Доспанова - единственная лётчица-казашка, героиня Великой Отечественной войны, штурман-стрелок. «Ночные ведьмы» - так ее и подруг называли фашисты. Она представляла не меньшую угрозу самолетам противника и сбивала их один за одним. Газета «Литер» писала, что 46 авиаполк летал на легких ночных бомбардировщиках У-2 (По-2). А что такое один вылет на У-2? Это огонь зенитных средств всех калибров, до автоматного огня включительно, это еще ночные истребители противника, это сплошные прожектора, а зачастую еще непогода: низкая облачность, туман, снег, обледенение, штормовой ветер, бросающий легкую машину с крыла на крыло, вырывающий ручку управления из рук... Причем все это - на У-2, маленьком, тихоходном, к тому же легко воспламеняющемся и горящем как спичка, как сухой порох, - самолет деревянной конструкции, из фанеры, обтянутой перкалью. Единственная металлическая деталь - это мотор М-II. Девушки творили просто чудеса, так как нередко требовалось вернуть в строй искалеченную машину в невозможные сроки. Все вылеты были ночными ... Однажды, уже в послевоенной мирной жизни, Хыйуаз Каировна полетела в Москву в командировку, на пропускном контроле ее задержали в аэропорту. «Что у вас в чемодане металлическое?» - спросили ее работники аэропорта. А там у нее лежал один жакет. Весь в орденах и медалях. За храбрость и отвагу Хыйуаз Каировна была награждена орденами Красной Звезды, Отечественной войны II степени, Красного Знамени, медалями «За оборону Кавказа», «За освобождение Варшавы», «За победу над Германией». Не у каждого мужчины есть столько наград. **Память о них живет:** их именами названы улицы, им возведены памятники.

**Народные артистки СССР**

Роза Багланова тоже фронтовик. Конечно, она не воевала, но ее пением воодушевлялись солдаты. В интервью газете «Казахстанская правда» она рассказала, как научилась преодолевать страх на войне. Как-то раз ее повели в окопы по узенькой траншее, вся остальная земля была заминирована. Старшина, ее провожатый, когда подошли к месту назначения, поднял Розу на руки и опустил в один из окопов. Ноги утонули по колено в воде, благо сапоги были высокие. Когда Роза Тажибаевна начала петь, не прошло и 20 минут, как прибежал какой-то офицер со словами: «Сестра, милая, не пойте так громко. Фашисты начали стрельбу. Они думают, что мы с вашей песней идем в атаку». В этих окопах девушке пришлось пробыть до захода солнца. Пока пела, некоторые бойцы плакали, другие протягивали солдатские треугольники, чтобы она отправила их родным... Вечером той же узенькой траншеей она вернулась к себе в казарму. Но, как призналась сама артистка, страшнее всего было в Варшаве. Там не было ни одного уцелевшего дома. Они пели перед тяжелоранеными, которые лежали просто на земле. Плащпалатку выделили только для операционной. Некоторым из раненых оставалось жить минут 20, другим - часа три. Бомбежка идет без конца, тут бежать бы под укрытие, а они молят: «Сестра, не уходи!». «Наш руководитель говорит мне: «Пусть все бегут, а мы с тобой возьмемся за руки и будем стоять до конца». И мы стояли к счастью, все бомбы пролетали мимо. Куляш Байсеитову, первую казахскую оперную певицу, которая получила звание народной артистки СССР в 24-летнем возрасте, называли «казахским соловьем». Восторженные зрители выносили ее из зала на руках, ее приглашали на приемы главы государств. И ведь знаменитый композитор Евгений Брусиловский создал первую казахскую оперу «Қыз-Жибек» именно для нее. Как рассказывал композитор, однажды они втроем - Куляш, ее муж Канабек Байсеитов и он возвращались из аула, где давали концерт, в телеге, груженной сеном. Куляш, как всегда, что-то напевала. В какой-то момент завела было «га-а», и тут телега подпрыгнула на ухабе. Певица, едва не прикусив себе язык, выдохнула «к-ку-у». Брусиловский, мучившийся в это время над заключительной арией героини, мгновенно воспламенился. Так появилась знаменитая «Гакку» - песня-плач Жибек по погибшему Тулегену. Народную артистку СССР и Казахстана Бибигуль Тулегенову также по праву называют «казахским соловьем». Эта женщина, прошедшая немыслимо тернистый путь к славе и успеху, одинаково вызывает восторг как у мужской, так и у женской половины человечества всех возрастов. Не все знают, что у Бибигуль Ахметовны было еще одно народное звание - «колхозная певица». Потому что она не выбирала сцены для пения. Она выступала там, где собирался народ. Народные песни дали возможность раскрыться ее голосу. Концерты шли в сельских клубах, на полевых станах, в летних театрах пансионатов и домов отдыха, в воинских частях, на животноводческих фермах... Как признается Бибигуль Ахметовна, она получала большое удовлетворение от рукоплесканий и светлых радостных лиц слушателей и сама жадно вслушивалась в звуки прекрасной музыки, звонко прозвучавшей в казахской степи. Постепенно она стала любимицей и желанной гостьей в разных уголках необъятной страны. Не многие знают, что международная культурная организация ЮНЕСКО включила Бибигуль Тулегенову в число двадцати выдающихся женщин XX столетия.

Женщина…Сколько о ней сказано и написано! Во все века ими восхищались художники, поэты, музыканты. И нам хотелось бы, чтобы на примере жизни и творчества известных женщин Казахстана, воспитывали любовь к родному краю; формировалось глубоко патриотичное отношение к Родине, уважение к женщинам старшего поколения.

**А. МУРАТКЫЗЫ**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАМБЫЛ – 173

**ЖЫЛДАҒЫ ДӘСТҮР БОЙЫНША, ЖЫР АЛЫБЫ ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВҚА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЙТЫСЫ АҚЫННЫҢ ТУҒАН ӨҢІРІ ЖАМБЫЛ АУДАНЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ ҰЗЫНАҒАШТА ӨТТІ. ОҒАН АЛТАЙДАН АТЫРАУҒА, АЛАТАУДАН АРҚАҒА ДЕЙІНГІ МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІНІҢ БӘРІ КЕЛДІ. ТІПТІ КЕЙ ОБЛЫСТАРДАН ЕКІДЕН, ҮШТЕН, АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨЗІНЕН БЕС АЙТЫСКЕР ҚАТЫСТЫ. ҰЗЫН САНЫ ОТЫЗҒА ЖУЫҚ ШАЙЫРЛАРДЫҢ АРАСЫНДА АЙТУЛЫ ДОДАҒА ЖЫЛДА КЕЛІП, ТӨСЕЛІП ҚАЛҒАН АҚПА ЖОРҒАЛАР ДА, ЖАҢАДАН КЕЛІП ҚОСЫЛҒАН ТАЙБУРЫЛДАР ДА БАР.**

# ТАЙБУРЫЛДЫҢ ШАБЫСЫ-АЙ



Көкірегі қазына жырға толтырған, көмейлері бүлкілдеген жас толқындардың бәсекесі тартымды да тартысты өтті. Ақындарын баптап алып келген ұстаздармен бірге өңірлерінде айтыс мектебін ашып, айтысқа бейімі бар жас түлектерге бағыт-бағдар беріп жүрген, айтулы айтыскер ақындар да келіпті. Келген қонақтарды жылы шыраймен қарсы алған аудандық білім беру бөлімінің басшыларына мың алғыс. Айтыстың беташарын ақынның ұрпағы Ерсұлтан Жамбылов Жамбыл бабасының «Ақындарға арнау» толғауымен ашты. Бұдан кейін «батырлар мен ақындар елінің» атынан аудан әкімі Бағдат Әлиев айтыскерлерге сәтсапар тіледі.



– Ардақты ағайын, бауырлар! «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария сәлем береді» деген дәстүрмен алдарыңа келіп, батамды беріп тұрмын. Жыр алыбы Жамбыл аталарыңның туған күні қарсаңындағы дәстүрлі айтыстың жеңімпазы болыңдар. Алдарыңда айтысқа баға беретін төбе билер отыр. Осылардың сүзгісінен өткендер «жүзден жүйрік» атанады. Жүректерің лүпілдеп, аталарыңның тойына жырдан шашу шаша келгендеріңе мың да бір рақмет! Біз, қазақ деген халық – қабырғалы елміз! Тайдан тұлпар, баладан болашақ күткенбіз. Міне, сендерді үкілеп, үмітімізді ақтайды деп, бәйгеге қостық. Өмір – бәйге, өмір – тартыс, өмір – күрес! Елдің алдына шығып, екі ауыз сөз айту оңай емес, ал оны өлеңмен өрнектеу деген, шын таланттың ғана маңдайына бұйырған бақ! – деп сөзін түйіндеген Бағдат Әлиев:

Қаны бар жүрегінде бабалардың,
Іздері бар сендерде ағалардың.
Егеменді елінің ертеңі үшін,
Тайсалмас, сәтті болсын қадамдарың, –

деп бір шумақ өлең де арнады.

Кезек ақындар айтысына да келіп жетті. Ауыздықпен алысқан тайы бар, құнаны бар, жас дүлдүлдер айтысқа алғашқы болып сахна төріне жеребе бойынша маңғыстаулық Мейірбек Саламатов пен Алматы қаласынан Бекжан Базарбаев арасындағы сөз барымтасында 300 әулие жатқан, Пір Бекеттің елінен келген жас ақынның салмағы басым болды. «Жастар жылы, жастардың ауызын баққан арлы ағайын» деп төкпелете жөнелген Мейірбек қарсыласын алып та, шалып та жықты. Шымыр ұйқаспен өрнекті ой айта білген жас дарын, «Жұрттың бәрін мақтайды Астананы, осылар Ұзынағашты көрді ме екен» деп шенді-шекпенділерді бір түйреп, Жамбыл бабасы туралы толғап-толғап жіберді.

Қарт Каспийдің өзінен келген үш айтыскердің ішінде, осы Мейірбектің мерейі үстем болды. Батыс Қазақстаннан келген Әділ Ахметов, тараздық Сәбит Искаков бірбірімен деңгейлес өнер көрсетті. Атыраудан келген Иса Нұрасыл мен Алматы облысының намысын қорғаған Нұрбек Уәлиевтің айтысы қызықты болды.

Иса: «Өңің қап-қара екен, суырып сап айтысайын. Аяз атаға айтарсың тақпағыңды» – деп қарсыласын қамшылағаны сол екен, Нұрбек те: «Түймедей ақын болғаныммен, түйедей ақындарды құлатамын» деп қарсыласын тойтарып тастады. Нұрбектің аралас мектепте оқитынын тілге тиек еткен атыраулық ақын әжуалай жөнелгенде мысы басып кетер ме екен деген ойда отырғанбыз.

Алайда, жетісулық жүйрік бұл тығырықтан да шықты. «Орыс-қазақ мектебінде оқысам да, орысшалап сөйлемеймін депутаттай» дегенде залдағы көрермен қыран топан күлкіге көмілді.

Алматы қаласынан келген бес ақын да шама-шарықтарынша айтысты, қайсыбіреулерінің қарсыласы осал болып бақтарын байлап тастады. Солардың қатарында, түркістандық Жақсылық Ерболсынмен айтысқан алматылық Алтынай Қанапияны айтуға болады. Солтүстік Қазақстан өңірінен келген Аяған Диас пен тағы бір алматылық Нұрислам Абитилда айтысында Солтүстіктен келген жас қыранның сөз саптасы анағұрлым ұтымды шықты. Алматы облысынан Айым Асылбекқызы мен Маңғыстаудан келген Жанболат Алиевтің айтысы деңгейлес болды.

Айымның айтысып жүргеніне әрі өнер мектебінде дәріс алатынын ескерсек, ақындығынан әртістігі басым. Сара Тоқтамысоваға еліктегісі келетін сияқты. Сахнада артық қимыл жасайды. Оны баптап жүрген Айтуған мен Аяулым ұстаздары ескеруі керек. Балаға дұрыс бағыт-бағдар бергендері абзал. Әрі суырыпсалмалықты ұштастырса игі болар еді. Болашағынан мол үміт күтуге болады.

Алматы қаласынан Арман Жаппарбек, Қарағандыдан Жанарыс Тілеубек, Шығыс Қазақстаннан Жеңіс Ұларбек, Ақтөбеден Жаңажол Мұқанов, Өскеменнен Дилназ Баекенова, Маңғыстаудан Алшын Суменов, Алматыдан Нұртай Әбілқайыр мен Айым Қуанышқызы, Ерқұлан Риза мен Қарағандыдан Абзал Мақашов, Жамбыл облысынан Жансая Сарсенбаева мен шығыстық Мирас Закенов, Алматы облысынан Жансая мен Сыр елінен келген Айқын Төлеген арасындағы жыр сайыста, Керекуден келген 6-сынып оқушысы Шыңғыс Асхатұлының, Қарағандыдан Абзал Мақашовтың, Жетісудан Жансая Қанаттың таза айтыскер екендігін айрықша айтқым келеді.

Арқаның дәстүрімен Аманжол Әлтаевтың мақамына салып, кербездігіне дейін меңгерген Абзал бала аламанның алдын бермейтін арғымаққа айналуы бек мүмкін. Айтысқа алғаш қатысып тұрса да Жансаяда жүрек бар. Өзінен ірі ақындар келсе де іркілмей, сабырлы салмақпен жауаптасып айтысуда кішкентай қара қыздың алғырлығына тәнті болдық.

Ал, алтыншы сынып оқушысы керекулік Шыңғыстың аяғы жерге тимесе де, сөзі атты адамды аударып түсірердей қауқарлы. Ақындықпен қоса жыршылықты қоса меңгерген. Сөздің сөзін алып, қарсыластың қапысын тауып айтатын алғыр ақын. Маңғыстаудан келген Мейірбек мектеп көрген, әйдік ақын Нұрлан Мұсаевтың інісі Фархат Мұсаев баптаған. Ол термелеп айтса Абылға, жаударып айтса Жамбылға тән өнерін көрсетті.

Қазылар алқасының сұрыптауымен қызылордалық Айқын Төлеген, Маңғыстаудан Мейірбек Саламанов, қарағандылық Абзал Мақашов пен жетісулық Айым Асылбек, Павлодардан Шыңғыс Асхатұлы мен Алматы облысынан Жансая Қанат және Қызылжардан Диас Аяған мен Алматы облысының тағы бір жүйрігі Нұрбек Уалиев арасында өрбіді.



Ұзынағаштағы ұландар айтысы да мәреге жетті. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей, бұл жолғы бас бәйге 130 000 мың теңгені Маңғыстаудан келген Мейірбек Саламатов алса, бірінші жүлде 80 000 мың теңгені қарағандылық Абзал Мақашов, екінші бәйге 60 000 мыңды Алматы облысынан Нұрбек Уалиев пен керекулік Шыңғыс Асхатұлы, үшінші орын 30 000 мың қаржылай жүлдені Алматы облысынан Жансая Қанат, Айым Асылбек, Сыр елінен келген Айқын Төлеген қанжығасына байлады.

Сондай-ақ аудан әкімі Бағдат Әлиев тағайындаған арнайы жүлдеге Солтүстік өңірден келген Диас Аяған лайықты болды. Айтысқа қатысқан өзге ақындардың барлығы да құралақан қайтқан жоқ, қаржылай және Алматы облысының білім басқармасының арнайы мадақтама қағаздарымен марапатталды.

***P.S: Дегенмен Жамбыл Жабаевқа арналған оқушылардың республикалық айтысына қатысқан Алматы облысы ақындарының деңгейі жылдан-жылға төмендеп бара жатқанын айтуымыз керек. Республикаға жүйріктің жүйрігі ғана ілігу қажет еді. Алайда, біздегі айтыс мектебі мүлде сын көтермейді. Сондықтан, айтысты түпкілікті қолға алып, қайта шыңдамаса, мына қалыппен біз ұзаққа бармаймыз. Мүмкін, Жамбылға арналған айтысты республикалық көлемде екі жылда бір өткізіп, облыстық деңгейдегі айтысты жыл сайын өткізу керек шығар. Әуелі, айтыс мектебін қалыптастырып, ақындарды іріктеп, үлкен сайысқа баптаған жөн. Көзді жұмып, жабыла жабу жауып, бәйгеге қосып, тақым қысып отырғанымыз елден де, жерден де ұят болар!***

**Айтақын МҰХАМАДИ.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# ПОСЛАНИИЕ ПРЕЗИДЕНТА В ЖИЗНЬ!

Каждое Послание Президента страны Н.Назарбаева имеет первостепенное значение для всего нашего общества, для каждой казахстанской семьи.

В разные периоды развития нашей страны каждое Послание отражало самые актуальные вызовы современности требующие своего решения.

Послание с которым Глава государства обратился к народу Казахстана нацелена на решение первоочередных задач, касающихся решения роста благосостояния народа, повышении доходов и качества жизни. Каждое предложенное им направление важно и понятно. Это не какие-то далекие от народа проекты и проблемы, это то, что касается каждого из нас.

В послании Президента главным объектом является человек, то есть народ Казахстана его благополучие, его социальное благополучие, его интеллектуальное развитие. В первую очередь Елбасы уделяет большое внимание подрастающему поколению в этих целях он предлагает занятся повышением професcинального уровня, благосостояния учителей. Только морально духовно, физически зрелый с большим авторитетом человек, то есть учитель способен заниматься социализацией будущего подрастающего поколения. Особое внимание Глава государства уделяет молодежи, его интеллектуальному развитию, он хочет видеть грамотную казахстанскую молодежь. Послание Главы государства направлено на то, чтобы именно молодежь стала драйвером модернизации. В своем послании Президент охватил широкий круг вопросов касающихся человека, то есть народов Казахстана. Поэтому важны не только прирост населения и продолжительность жизни, но и обеспеченность казахстанцев всем необходимым. Речь идет о медицине, и о заработной плате. Елбасы четко показал все основные проблемы, которые существует в экономике и в социальной жизни и он ставит цели о координальном решении по улучшению ситуации. Послание показало, что государство не пожалеет средств для улучшения жизни народа. Для исполнения социальных программ в Послании Глава государства предлагает мощный экономический блок, где четкий акцент сделан на экспортно ориентированную индустриализацию, повышения конкурентоспособности, путем индустриализации и внедрения иновационных программ во все отрасли народного хозяйства, агропромышленного комплекса для обеспечения устойчивого экономического темпа роста.

Не одна из программных документов не будет исполнена, если в стране бесчинствует коррупция. Это болезнь, которая разваливает или съедает здоровое общество изнутри. Глава нашего государства в своем Послании к народу Казахстана «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни» особое внимание обращает борьбе с коррупцией.

Необходимы существенные изменения взглядов, мировоззрения, отношения человека к коррупции, только тогда можно достичь реальных результатов в борьбе с коррупцией. Нужно понять, что коррупция – система, в которую тем или иным образом включается все общество, и для эффективной борьбы с ней также необходимо участие всех активных членов общества, которым является народ. Народ должен понять, что коррупция, ни когда не приведет общество к высшему развитию. В своем послании к народу наш Президент верит в свой народ и верит в его процветание.

Послание Президента к народу казахстана наглядно показывает, что наша страна готова к созидательному движению вперед.

Мы, верим в будущее нашей Республики, и считаем, что Послание Президента Казахстана придаст новые импульсы в политической жизни страны, повышению ее экономики и отношение человека к труду для повышения социального развития государства.

**Е.КАСЫМОВ**
**Ведущий специалист Управления юстиции Алакольского района член «Казахстанского союза юристов».**

# Реализована интеграция системы «Е-нотариат» с информационной системой ЕНПФ

АО «ЕНПФ» в соответствии с Законом РК «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан», в случае смерти вкладчика (получателя), выдает справки о наличии индивидуального пенсионного счета и средств на нем нотариусам и иностранным консульским учреждениям по находящимся в их производстве наследственным делам. Для оптимизации взаимодействия между ЕНПФ и нотариусами по данным вопросам, между Министерством юстиции РК, Республиканской нотариальной палатой, АО «НИТ» и ЕНПФ заключен Договор о взаимодействии Единой нотариальной информационной системы «Е-нотариат» и информационной системы ЕНПФ. Теперь, в рамках данного Договора при помощи Единой нотариальной информационной системы «Е-нотариат», нотариусы могут направлять запросы в ЕНПФ о наличии у умерших вкладчиков (получателей) индивидуального пенсионного счета в ЕНПФ, об остатках и движении денег на нем в режиме онлайн, без направления письменных запросов. В свою очередь, ЕНПФ, при предоставлении вкладчиками (получателями) нотариально удостоверенных или засвидетельствованных документов, теперь также может осуществлять запрос в Единую нотариальную информационную систему и получать официальное подтверждение о совершенных нотариальных действиях по представленным вкладчиками (получателями) в ЕНПФ документам. Данная услуга значительно экономит время обратившихся к нотариусам наследников, исключает бумажный документооборот.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz).

**Пресс-центр АО «ЕНПФ».**

# Открывается пятизвездочный отель

По сообщениям пресс-службы палаты предпринимателей Алматинской области, в Талдыкоргане состоялась пресс-конференция, посвященная презентации пятизвездочной гостиницы «Qoqtem Grand Resorts» на берегу озера Алаколь. В пресс-конференции приняли участие руководитель Управления туризма Алматинской области Жанар Алчимбаева, начальник отдела развития человеческого капитала Палаты предпринимателей Алматинской области Алмагуль Онгарбаева, управляющий директор гостиничного комплекса «Qoqtem Grand Resorts» Алмажан Бактуразова, а также туроператоры и представители СМИ.

Гостиница построена за счет частных финансовых средств. Открытие планируется этим летом, но комплекс уже запустил ранее бронирование. Многофункциональный гостиничный комплекс рассчитан на 450 мест. Имеется 102 номера, из них 97 стандартных номеров, 4 люкса, 1 президентский люкс. С вводом объекта будет создано порядка 80 постоянных рабочих мест. Общая территория комплекса составляет 16 га.



«Гостиничный комплекс представляет собой пятиэтажное здание. Будет кафе с летней террасой, детские площадки, спортивные площадки. Я думаю, посетителям понравятся наши уютные номера и хороший сервис», - отметила управляющий директор гостиничного комплекса «Qoqtem Grand Resorts» Алмажан Бактуразова. Руководитель Управления туризма Алматинской области Жанар Алчимбаева рассказала о принимаемых мерах по улучшению инфраструктуры побережья озера Алаколь. По ее словам, в этом году вблизи озера в селе Акши появится небольшой рынок, а в гостиницах будут продаваться сувениры.

«Для создания торговых точек в настоящее время руководством Алакольского района предусмотрен земельный участок, где начнется возведение временных объектов. Данные торговые места будут предоставлены предпринимателям. Также во всех местах размещения в свободной продаже будут различные сувениры. Ранее мы достигли договоренности с одной компанией, которая занимается профессиональным изготовлением сувениров», - подчеркнула Жанар Алимбаева. Вопросы подготовки кадров и качества сервиса в сфере туризма затронула начальник отдела развития человеческого капитала Палаты предпринимателей Алматинской области Алмагуль Онгарбаева. Спикер отметила, что в рамках государственной программы «Енбек» за счет государства компания может заняться подготовкой рабочих кадров.

«Сегодня по области 26 компаний создали учебные центры по подготовке специалистов, в том числе 20 учебных центров созданы при предприятиях. Однако, среди них нет учебных центров по туризму. Хотя вопрос сервиса и кадров очень актуальный для туристской отрасли», - сказала Алмагуль Онгарбаева. Далее старший диспетчер службы авиаперевозок авиакомпаний «Жетысу» Гульмира Касенова проинформировала участников о полетной программе на озеро Алаколь. По ее словам, в 2017 и 2018 годах наблюдается динамика роста потока пассажиров на озеро. За 2017 год на вылет в аэропорт Ушарала было 1880 пассажиров, на прилет 2148 пассажиров. То в 2018 году обслужено на вылете 4419 человек, на прилете 3641 пассажир.

«В этом году самолеты по направлению Астана-Ушарал, Ушарал-Алматы будут летать 4 раза в неделю в течение 6 месяцев. Стоимость 16 тысяч тенге. По маршруту Алматы-Ушарал-Алматы рейсы 6 раз в неделю в течение 6 месяцев. Стоимость 10 тысяч тенге. Рейсы будет осуществлять авиакомпания Scat», - отметила Гульмира Касенова. В нынешнем году по маршруту Талдыкорган-Ушарал-Талдыкорган (планируемая стоимость билета 12 тысяч тенге), Алматы-Ушарал-Алматы (планируемая стоимость билета 18 тысяч тенге) рейсы будет выполнять авиакомпания «Жетысу» 3 раза в неделю. Также состоялось выступление руководителя департамента внутреннего туризма компании «Complete Service» Раушан Сартаевой, которая рассказала о проблемах субсидирования, улучшения санитарных зон, вопросах повышения компетенций отельеров и проведения информационных туров.

**Ш. ХАМИТОВ**

# УСЛУГА ПО ВЫДАЧЕ ИНФОРМАЦИИ О СОСТОЯНИИ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ ПРИЗНАНА ОДНОЙ ИЗ ЛУЧШИХ СРЕДИ 60 ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ

Услуга «Выдача информации о состоянии пенсионных накоплений (с учетом инвестиционного дохода) вкладчика (получателя) Единого накопительного пенсионного фонда (ЕНПФ)» вошла в пятерку лучших по результатам общественного мониторинга государственных услуг, проведенного исследовательской компанией «САНДЖ» по заказу Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции. Общественный мониторинг качества оказания государственных услуг проводился с августа по октябрь 2018 года. В рамках исследования был проведен анкетный опрос 10 000 услугополучателей во всех регионах Казахстана по 60-ти государственным услугам. В рамках мониторинга был выполнен анкетный опрос потребителей услуг, проведены глубинные интервью с потребителями и поставщиками услуг, наблюдения методом «Тайного покупателя», а также ряд фокус-групповых дискуссий. Цель исследования - оценить уровень удовлетворенности услугополучателей качеством оказания услуг. Учитывалась доступность информации, соблюдение сроков предоставления услуг, отличное обслуживание (вежливость, компетентность, оперативность персонала), оформление документов без ошибок, комфортность условий. По итогам исследования, оценка услуги выдачи информации о состоянии пенсионных накоплений вкладчикам (получателям) ЕНПФ показала высокие результаты по качеству и доступности информации, оперативности и компетентности: 80,4% респондентов довольны доступностью и открытостью информации по услуге, при этом, по мнению 82,9% респондентов, информация является ясной и достоверной, 88,3% опрошенных услугополучателей полностью удовлетворены сроками оказания услуг и 92,1% - сбором и подготовкой документов. Высоко оценили компетентность сотрудников услугодателя 79,8% респондентов, вежливость сотрудников оказалась удовлетворительной для 80,7%, а оперативность отметили 81,3% респондентов. 80,4% опрошенных респондентов доверяют услугодателю. Для более объективной оценки качества предоставляемой услуги был использован метод «Тайного покупателя». Методика тайного покупателя была применена в филиале ЕНПФ и одном из ЦОНов г. Астана. Тайный покупатель должен был оценить качество предоставляемой услуги по трем критериям: 1) поиск информации на сайте; 2) поиск информации на стендах; 3) звонок в call-центр. Тайный покупатель высоко оценил сайт ЕПНФ https://www.enpf.kz, отметив удобный интерфейс, наличие номера call-центра, быстрый переход и наличие информации на казахском и русском языках. Высокие баллы были поставлены и качеству работы call-центра ЕНПФ, так как соединение с консультантом было достаточно быстрое и получены четкие и полные ответы на все заданные вопросы. При посещении филиала ЕНПФ в г. Астана Тайный покупатель остался доволен обслуживанием персонала: «Операционист ответил на все интересующие меня вопросы и даже предложил услугу рассылки информации о пенсионных начислениях на почту, также подсказала, что есть приложение ЕНПФ, помогла зарегистрироваться. Мобильное приложение ЕНПФ и Личный кабинет на сайте ЕНПФ очень удобные, имеется возможность отслеживать пенсионные начисления». Основные результаты данного исследования показали удовлетворенность населения качеством оказания услуг АО «ЕНПФ, а для Фонда стали мотивацией для дальнейшего повышения уровня обслуживания. Полный отчет о результатах мониторинга вы сможете посмотреть на сайте Национального Банка Республики Казахстан: https://nationalbank.kz/?docid=3539&switch=russian

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz).

**Пресс-центр АО «ЕНПФ»**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

## АЙМАҒЫ МЫҚТЫ ЕЛ – АЙБЫНДЫ ЕЛ!



# ӘР СПОРТШЫНЫҢ АРМАНЫ – ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ БОЛУ

**БЕЙЖІҢ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ, «ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРІ, АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ НҰРБАҚЫТ МОЛДАХМЕТҰЛЫ ТЕҢІЗБАЕВТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ ӘРБІР ЖАС ТОЛҚЫНҒА ҮЛГІ-ӨНЕГЕ БОЛАРЛЫҚТАЙ ЕКЕНІ РАС. ЖАСЫ НЕБӘРІ 36-ҒА ЕНДІ ҒАНА БЕТ ТҮЗЕП ЖАТСА ДА ОНЫҢ ОТЫЗЫНДА ОРДА БҰЗЫП, ҚЫРҚЫНДА ҚАМАЛ АЛАТЫНЫНА ДА БЕК СЕНІМДІМІЗ. ОСЫ АРАЛЫҚТАРДА НҰРБАҚЫТ БАУЫРЫМЫЗ ӨЗІНІҢ ТАБИҒАТЫНА ТӘН ТӨЗІМДІ, ТАБАНДЫ ЕҢБЕКҚОРЛЫҒЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ІРІ-ІРІ ТАБЫСТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ. ОЛАРДЫҢ БӘРІН ӨЗ ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗҒА ТІЗІП, АЙТЫП ШЫҒУ ДА МҮМКІН ЕМЕС. СЕБЕБІ СПОРТТЫҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ГРЕК-РИМ КҮРЕСІНІҢ БАҺАДҮР БАТЫРЫ РЕТІНДЕ ОЛ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТІ ФИЛЬМДЕР ТҮСІРІЛІП, КІТАПТАР ДА ЖАЗЫЛЫП ҮЛГЕРДІ. ЖАЛЫНДАҒАН ОРДА БҰЗАР ШАҒЫНДА НҰРБАҚЫТ ЕКІ РЕТ ЕЛБАСЫНЫҢ ҚАБЫЛДАУЫНДА БОЛЫП, АҚЫЛЫН ТЫҢДАДЫ, ЕМЕН-ЖАРҚЫН ПІКІР АЛМАСТЫ. ОТАНЫМЫЗДЫҢ ЕҢ БЕДЕЛДІ «ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛУЫНЫҢ ӨЗІ ДЕ – ҮЛКЕН МӘРТЕБЕ.**

**ЕҢ НЕГІЗГІСІ «ЖАС КЕЛСЕ ІСКЕ» ДЕМЕКШІ ОБЛЫС ӘКІМІ АМАНДЫҚ БАТАЛОВТЫҢ НҰРБАҚЫТ ТЕҢІЗБАЕВҚА ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІНІҢ СПОРТ ТІЗГІНІН ҚОЛЫНА ҰСТАТУЫ – ҚҰПТАРЛЫҚ ШЕШІМ. БАСҚАРМА БАСШЫЛЫҒЫНА КЕЛГЕЛІ ЕКІ-ҮШ АЙДЫҢ ЖҮЗІ БОЛСА ДА, ОБЛЫС СПОРТЫНДА ТЫҢ СЕРПІН МЕН КҮН САЙЫН ТОЛАСЫЗ КЕЛІП ЖАТҚАН ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРҒА КӨЗ ҚУАНЫП, КӨҢІЛІҢ МАРҚАЯДЫ. НҰРБАҚЫТҚА АРНАЙЫ ЖОЛЫҒЫП, ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІНІҢ СПОРТЫ МЕН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САЛАСЫНЫҢ БҮГІНГІ АЯҚ АЛЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ӘҢГІМЕЛЕСІП ҮЛГЕРГЕН ЕДІК.**

**– Жалпы облыс спортшылары өткен жылды қандай табыстармен аяқтады. Бұқаралық спорттың даму деңгейі қандай пайызды құрады?**

– Өзіңіз байқағандай Жетісу өлкесінің спортшылары өткен жылды ойдағыдай шығарып салды. Жыл басталмай жатып-ақ, спорт мектептерінің түлектері Азия чемпионатының жүлдегерлері атанып жатыр. Мұның бәрі өздігінен келіп жатқан жоқ. Ұстаз-тәрбиешілер мен жаттықтырушылардың ерен еңбегі, маңдай терінің қайтарымы деп білемін. Күні кеше Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының аясында Қазақстан Республикасының «Қыран» федерациясы мен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен Ақсу ауданы Қызылағаш ауылында «Салбурын – 2019» атты құсбегілердің республикалық сайысы өтті. Аталған додалы жарысқа еліміздің түкпір-түкпірінен келген құсбегілер бес командаға бөлінді. Олар: «Жетісу», «Алтай», «Арқа», «Еренқабырға», және «Тарбағатай» болып, бір-бірімен додаға түсті. Әр жарыстың өз ерекшелігі бар. Бұрындары құсбегілердің жарысында арнайы қоян, түлкілер алдын ала дайындалатын болса, бұл жолы бәрі де шынайы, табиғи жағдайда өтті. Құсбегілер жүйрік аттарына мініп, тазыларын ертіп, қолдарына қырандарын қондырып, тау-тасты аралап, нағыз аңшылықтың атабабамыздан қалған кәсіп екенін байқатты. Қай команда көп олжа әкелсе, жеңіс солардікі еді. Үш күнге созылған сайыс өте қызықты да, тартысты өтті. Әрі тәлім-тәрбиесі де мол болды.

Алматы облысының жұртшылығы спортпен шұғылдануға өте ерекше көңіл бөледі десем артық айтқандығым емес. Бүгінгі таңда облыс тұрғындарының 595 898 адам дене шынықтырумен жүйелі әрі тұрақты түрде айналысады. Бұл дегеніңіз 2018 жылы облыс жұртшылығының 29,3 пайызын құрап отыр деуге толық негіз бар. Президенттің 2020 жылға дейін бұқаралық спорттың барысын 30 пайызға жеткізу тапсырмасын жетісулықтар мерзімінен бұрын орындап шығуға тиіс. 2018 жылы облыс көлемінде халық арасында салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту мақсатында 702, оның ішінде ауылдық жерлерде 427 спорттық-бұқаралық шаралар ұйымдастырылды. Аталған шараларға қалалық жерлерде 551 203 адам, ал ауылдық елді мекендерде 383 606 адам қамтылды. Елбасының бұқаралық спортпен шұғылданушы халықтың санын 30 пайызға дейін жеткізу туралы міндетін орындау мақсатында облыстың барлық аудандары мен қалаларында дербес дене тәрбиесі мен спорт бөлімдері қызмет атқарады. Ауылдық округ әкімдіктерінің аппараттарында 253 спорт бойынша әдіскер-нұсқаушылар қабылданып, еңбек көрігін қыздыруда. Қазіргі уақытта бұл мамандар барлық елдімекендерде спорт түрлерінен секциялар ашып, нәтижелі еңбек етуде. Жоғарыда өзіңіз айтқандай, облыс аумағында спортқа ниеті бар жастар үшін барлық жағдай жасалып-ақ жатыр. Атап айтқанда Жетісу аймағында спорт сүйер қауымға 3594 спорттық құрылымдар қызмет көрсетеді. Олар: 2 спорт сарайы, 24 стадион, 28 спорт кешені, 11 спорттық құрылымдар кешені, 248 атыс тирі, 859 спорт залы, 47 су бассейіні, 2080 жазықтық құрылым, 2 оқу-жаттығу орталығы, 2 шаңғы базасы, 4 атыс алаңы, 19 хоккей корты, 2 яхт-клубы, 1 конкимен жүгіру стадионы, 26 тенис корты, 7 ипподром, 172 жалғасын салынған спорт залдардың қайсысын алсақ та қажетті құрал жабдықтармен жабдықталып, спортсүйер қауымға қалтқысыз қызмет көрсетуде. Салыстырмалы түрде айтсақ 2017 жылы спорттық құрылымдардың саны 3439 болса, 2018 жылдың көрсеткіш саны 3594-ке жетті. Яғни, жыл ішінде жаңадан 155 спорттық кешендердің іске қосылғанын байқаймыз. Бұл дегеніңіз, Елбасының әр облыста 100 жуық спорттық ғимараттарды салу тапсырмасын жетісулықтар артығымен орындап шықты деп айтуымызға саяды. Реті келіп тұрғанда айта кетсем, өткен жылдың Тәуелсіздік күніне үлкен сый ретінде шалғайда жатқан Райымбек ауданындағы Талас және Шәлкөде ауылдарында ауыл азаматтарының қаржылай қолдауымен жаңадан екі спорт кешендері ел игілігіне берілді. Сол сияқты Шамалған, Талғар, Кеген, Жансүгіров пен Үшарал қалаларында салынып, жастарды қуанышқа бөлеген объектілердің орны бір төбе. Құдай қаласа, үстіміздегі жылы облыс орталығында әлемдік деңгейдегі су бассейіні мен жеңіл атлеттерге арналған спорт манежінің де тұсауы кесіліп қалар деген үміттеміз.

**– Өте жақсы. Барды айшықтап айтқан да керемет қой. Спорттық жарыстарда, әсіресе әлемдік ареналарда аламан бәйгелерге қатысып, топ жарып жүрген жастардың негізгі спорт мектептерінің түлектері екенін де жақсы білеміз. Жалпы спорт мектептерінің бүгінгі тыныс-тіршіліктері қандай?**

– Облысымызда 40-тан астам балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде 34364 оқушы спорттың 64 түрімен шұғылданады. Оларға 1200-ден астам оқытушы-жаттықтырушылар қызмет көрсетеді. Спорт мектептерінің барлығы да уақыт үрдісінен шығып, өздеріне жүктелген міндеттерді әрдайым абыроймен орындап отыр. Әрқайсысының өздеріне тән жетістіктері де баршылық. Олардың барлығын тізбектеп шықсам, біраз жерге барып қалатынымыз да анық. Десекте, соңғы кезде өз жетістіктерімен республикаға таныла бастаған екі-үш оқу орнын атап өткенім жөн шығар. Ол Талдықорған қаласындағы олимпиадалық резервтегі облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты-колледжінің жанкешті еңбектерін әрдайым өзге оқу орындарына үлгі-өнеге етіп отырамын. Колледжде 9 спорт түрінен 472 оқушы білім алады. Мектепте білім-тәрбие алатын спортшы-жастардың негізі Қазақстан құрамасының белсенді мүшелері ретінде Азиялық, халықаралық жарыстарда және әлем біріншілігінде де топ жарып, чемпион атанып жүргендеріне ризалықпен қараймын. Өзіңіз жақсы білесіз жыл басталмай жатып, мектеп түлектері Қазақстан және Азия чемпионаттарына қатысып, 20-дан астам алтын, күміс, қола медальдардың иегерлері атанып үлгерді. Жақында 10 сыныпта оқитын үш қызымыз Ақпейіл Әсім мен Кристина Стужук пен Кристина Титовская Индонезияның Джакарта қаласында велоспорттан жастар арасында Азия біріншілігінің чемпиондары атанып қайтты. Қуанышты хабар ма? Әрине қуанышты. Қыздарымыз үшін алғашқы жетістік десек те, келешекте жас спортшыларымыздың әлемге есімдері белгілі Андрей Кивилев пен Александр Винокуровтай болмасына кім кепілдік бермес. Талпынған жетер мұратқа демекші, осы қыздардың бүгінгі қадамдарына өз басым үлкен сеніммен қараймын. Кейінгі жылдары ашылса да Алакөл ауданы Лепсі ауылындағы спорт мектебінің де бүгінгі аяқ алысы көз қуантады. Мұнда 134 оқушы спорттың 5 түрімен шұғылданады. Бұл оқу орнының орналасқан жері – таулы аймақ. Сондықтан олардан шаңғы спортының дамуына айрықша үлес қосса деген тілегім бар. Қазірдің өзінде мектеп түлектері шаңғы жарысынан республикалық деңгейдегі жүлделі орындардан көріне бастағанын да жақсы білемін. Осы қатарға Алматы облысының олимпиадалық резерв дайындау орталығының да өнімді еңбегін атап өткеніміз жөн. Орталықта 371 жас спортшы 19 түрімен шұғылданып, әлемдік ареналарда жүлделі орындардан көрініп жүр. Нақтылай түссем, өткен жылы жас спортшыларымыздың 46-сы халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 109-ы ҚР-ның спорт шебері, 818-і спорт шеберлігіне үміткер болса, 504 жас бірінші дәрежелі спортшы атағына қол жеткізді. 2018 жылдың тоғыз айында облыс спортшылары 1278 медаль алса, оның 458 алтын, 387 күміс, 433 қола болды. Ал жылдың қорытындысында 1779 медаль облыс спортшыларының қоржынына түсті. Оның 637-сі алтын, 529-ы күміс, 613-і қола медаль.Байқайсыз ба, жылдың соңғы тоқсанында, яғни, үш ай ішінде Жетісу өңірінің спортшы ұл-қыздары 501 медальдары қанжығасына байлап үлгерді. Кез келген солдат генерал болуды армандайтыны сияқты, әрбір спортшының мақсаты Олимпиада чемпионы болу. Ол үшін басқарма тарапынан қолдау мен барлық жағдай жасалып-ақ жатыр. Атап айтқанда, Алматы облысы әкімінің арнайы өкімімен республикалық және халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізген облыстың 72 үздік спортшысына және 31 мүгедек-спортшыға 30 мыңнан 300 мың теңгеге дейін ай сайынғы сыйақы төленеді.

**– Иә, спортшы жастардың қол жеткізген табыстары, табанды еңбек пен маңдай тердің қайтарымы. Енді осы бір аламан бәйгелер мен додалы жырыстардың негізгілерін есіңізге түсіріп көріңізші?**

– Өткен жылдың әр күні спорт сүйер қауым үшін есте қаларлықтай болып өткені анық. Оның танымдық және тәрбиелік жағы да орасан зор болды. Қаңтар айының басында 2000-2001, 2004-2005 жылдары туған жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында волейболдан ҚР-ның қысқы чемпионаты, Баскетболдан Алматы облысының чемпионаты, Жастар мен ұл-қыздар арасында джиу-джитсу, грек-рим күресі, садақ ату, шаңғы жарысы деп бірінен соң бірін тізіп айта беруге болады. Енді осыған күнтізбелік жоспарға сәйкес өтетін Азия чемионаттары мен халықаралық жарыстарды қоссақ әр споршы үшін алтын уақыттың әр минутының қандай қымбат екенін түсіне бастаймыз. Мысалы өткен жылы қаңтар айының 24-27 аралығында Иранның Тегеран қаласында грек-рим күресінен ересектер арасында «Тахти кубогы-2018» халықаралық турнирі өтті. Осы додалы жарыста Демеу Жадыраев 72 келі салмақта өнер көрсетті. Бәсекелестерінен үстем түсіп, чемпион атанды.

Ақпанның 9-ында Ресейдің Санкт-Петербург қаласында ересек спортшылар арасында кәсіпқой, аралас жекпе-жек сайысы өтті. Әлем чемпионы белбеуі халықаралық жарыста жерлесіміз Арман Ашимов жекпе-жектің 2 раундында қарсыласын нокаутқа түсіріп, әлемдік белбеу-ді иеленді. Дәл осы айда Қырғызстанның Бішкек қаласында өткен грек-рим, еркін және әйелдер күресінен Азия чемпионатында Қазақстан құрама командасы сапында Алматы облысынан 4 спортшы қатысты. Қорытындысында грек-рим күресінен 82 келі салмақта Асхат Ділмұхамедов алтын, 72 келі салмақта Демеу Жадыраев күміс және еркін күрестен 57 келі салмақта Жандос Исмайылов қола медальға қол жеткізді. Наурыз айында Тайландтың Бангкок қаласында өткен садақ атудан Азия кубогына біздің облыстан төрт спортшы қатысып, жарыс қорытындысында Аделя Жексенбинова мен Диана Макырчук күміс медальдарға ие болды. Түркияның Анталия қаласында өткен дзюдодан 2001-2002 жылдары туған жастар арасында «Европа кубогы» халықаралық турнирінде 90 келі салмақта Бекарыс Сәдуақас алтын, 81 келі салмақта Аян Байғазы алтын, 57 келі салмақта Ханифа Тугушева күміс медальға ие болды.

Қысқартып айтқанда, өткен жылы облыс қоржынына түскен 2 мыңға жуық медальдардың әрқайсысының өзіне тән қайталанбас орны бар екені анық. Ең негізгісі жеткіншек ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық тарихи оқиғалар. Олардың шыңы олимпиадалық ойындар. Құдай қаласа, келер жылы өтетін Токио Олимпиадасында біраз қыз-жігіттеріміздің жұлдыздары биіктен көрінуге тиіс деп ойлаймын.

**Мәулетхан АҚСАНОВ.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

# САНДЫҚТАҒЫ СӨЗ



**Арқар-жалақ** – бірде тоқ, бірде аш.
**Арпаталқан –** арпадан жасалған талқан.
**Аруана –** бір өркешті, таза тұқымды түйенің ұрғашысы. Балажан ана.
**Аруаш –** көбік, көпірік.
**Аршын –** 0,71 метрге тең ұзындық өлшемі. Екпін, қарқын.
**Арыс –** арба-шананың көлік жегетін қос жетегі.
**Асабият –** зорлық-зомбылықпен үстемдік етуші.
**Асадал –** тамақ пен ыдыс-аяқ сақталатын кебеже.
**Асаймұса –** ұшына үшкір темір орнатқан тяқ.
**Асаукөк –** қонақасы бергеннен кейін қонаққа ән салғызып, ойын ойнату дәстүрі; қонаққәде.

## ДЕНСАУЛЫҚ

БАЛА КҮННЕН ЖҮЙКЕ ЖАСУШАСЫ ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛМЕЙТІНІН, АШУЛАНҒАНДА ОЛАРДЫҢ ӨЛЕТІНІН ЕСТІП ӨСТІК. АЛАЙДА ҚАЗІР ҒАЛЫМДАР БҰЛ ТЕОРИЯНЫ ЖОҚҚА ШЫҒАРЫП ОТЫР.



# ЖҮЙКЕ ЖАСУШАЛАРЫ ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛЕ МЕ?

Адам ағзасындағы жасушалардың саны – 100.000.000.000.000 (100 триллион немесе 1014). Ең аз өмір сүретіні ішек эпителийі деп аталады. Күн сайын олардың 70 миллиарды өледі. Ғылымға мәлімі, адам туылғанда 14 миллиард жүйке жасушасы болады. Олар ешқашан көбеймейді. Ал 25 жастан асқаннан соң күнде 100 мыңға азайып отыратыны тағы бар.

Жүйке жасушалары – дамыған морфологиясы бар күрделі құрылым. Әдетте, жүйке жүйесінде басқа нейрондармен байланыстыратын бірнеше тармақталған өскін бар. Мұндай байланыстардың жоғалуы – жүйке жүйесіндегі бірқатар ауруларға негіз болады. Жасуша жүйке жүйесіндегі өз орнын алу үшін қиын жолдардан өтіп, байланыс жасау үшін әріптестерін табуы қажет. Жүйке жасушасының бөлінбейтіні бәрімізге белгілі. Оларды жасанды түрде бөлу нейрондардың өліп кетуіне әкелген еді. Жасуша бөлінген жағдайда оның байланысы жоғалып, жұмысы тоқтайды. Сол себепті жүйке жасушасы қайта қалпына келмейді дейміз.

Дегенмен біздің миымызда бастамашы жасушалардан жаңа жасушаны қалыптастыру үрдісі бар. Бұл процесс – нейрогенез деп аталады. Нейрогенездің ең жақсы сипатталған екі түрі – гиппокамптың тісті қатпары және субвентрикулярлы аумақ. Бұл аумақтарда күн сайын жаңа жүйке жасушалары пайда болып, содан кейін мидың қажетті бөліктеріне қоныс аударады. Алайда нейрогенездің қажеттігі, оның атқаратын қызметі әлі күнге дейін құпия болып отыр.

# ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНДЕГІ әйелдер мерекесі

Таным

*Әйелдер мерекесі әлем елдерінде әрқилы тойланады. Бір елдерде аналар күні, енді бір елдерде қыз-келіншектер мерекесі, тағы бір елде тағысын тағы мерекелер бар. Әйтсе де осылардың ішіндегі әйгілісі - 8 наурыз халықаралық әйелдер күні.*

*Халықаралық әйелдер күні алғаш 1911 жылы төрт елде – Дания, Швейцария, Австрия және Германияда тойланды. 1912 жылдан бастап әйелдер күні әлемнің әр елінде кең көлемде мерекелене бастады.*

*Бұл мерекенің тарихы осымен ғана басталмайды. Тарихы осы екен деп дөп басып айту да қиын. Себебі 8 наурыз мерекесіне қатысты түрлі болжамдар баршылық. Оның біріншісі – 1857 жылы Нью-Йорк қаласының бір топ тоқымашылары 8 наурыз күні еңбекақының төмендігіне қатысты шеру ұйымдастырып, көшеге шыққаны. Бір қызығы, бұл оқиға сол кездегі бірде-бір ақпарат құралында жазылмаған. Тарихшылардың дерегіне сүйенсек, 1857 жылдың 8 наурызы жексенбі болған. Ал сол кездегі күнтізбе бойынша жексенбі күндері мүлде шеру өткізілмеген. Сондықтан бұл нұсқа жаңсақ болуы да мүмкін.*

*1910 жылы неміс коммунисі **Клара Цеткин** Копенгагенде (Дания) өткен әйелдер форумында тұңғыш рет 8 наурызды «Халықаралық әйелдер күні» деп атау туралы бастама көтерген. Бұл бастаманың астарында әйелдер құқығын қорғау үшін шеруге шығу, қарсылықтарын білдіруі мәні жатты. Бірақ бұл күні әйелдер төңкеріс жасап, наразылығын танытқан шеру болған емес. Ал 8 наурызды халықаралық мереке дәрежесіне Клара Цеткиннің құрбысы Александра Колонтай көтерген деген деректер де кездеседі.*

*XX ғасырда адамзат тарихында айтулы оқиғалар аз болмады. Сұрапыл соғыс та, ғылыми төңкеріс те, мәдени жаңғыру да, барлығы-барлығы жаңа кезеңге қадам басты. 8 наурыз мерекесі де бірден халықаралық сипат алмай, біраз жылдар бойы аздаған елдерде тойланып келді. 1921 жылдан бастап мерекені атап өтетін елдер саны арта бастады. 1975 жылы КСРО мемлекетінің өтініші бойынша, БҰҰ-ның қарарымен 8 наурыз ресми түрде **Халықаралық әйелдер күні** ретінде белгіленді.*

*8 наурыз халықаралық әйелдер күні деп аталғанмен, әлемнің барлық елінде тойлана бермейді. Себебі өзге елдерде «Аналар күні», болмаса аруларға арналған ұлттық жеке мерекелері бар. Көбіне кезінде КСРО құрамында болған елдер бұл күнді айрықша тойлап, нәзік жанды аруларға тілек айтып, сый-құрмет көрсетеді.*

*Бұл мереке кей елдерде өзгеше де аталады. Яғни ресми түрде тойлайтыны бар, бейресми атап өтетін елдер бар. Мәселен **Үндістанда** 8 наурыз күні Халықаралық әйелдер мерекесі емес, Холи мейрамы тойланады. Бір-біріне әртүрлі бояу қосылған су құйып, көңіл көтереді. Ал әйелдер күнін қазан айында тойлайды және ол он шақты күнге созылады.*

***Иранда** да 8 наурыз әйелдер күні емес, «Фәтима ана» туған күні тойланады. Ал **Гондураста** әйелдер күні 25 қаңтарға белгіленген.*

*8 наурыз мерекесі Еуропаның көп елдерінде тойланады. Әйткенмен біршама елдерде бейресми түрде өтеді. Мереке қарсаңында демалыс берілмейді. Айта кетер болсақ, **Сербия, Босния және Герцеговина, Хорватия, Чехия, Венгрия**, т.б. елдердің күнтізбесінде бұл мереке жоқ. Тек бейресми түрде атап өтіледі.*

*Африка құрлығында **Ангола, Замбия, Уганда, Камерун, Буркина-Фасо, Гвинея-Бисау, Кения, Эритрея** және **Мадагаскарда** ғана мемлекеттік көлемде тойланады. Камерунда тойланғанмен, демалыс берілмейді. Мадагаскарда мереке қарсаңында әйелдер ғана демалысқа шығады. Аталған өзге елдерде демалыс беріледі.*

*Оңтүстік Америка құрлығында **Бразилия, Гайана, Сальвадор, Суринам, Чили, Никарагуа** мен **Венесуэла** елдерінде тойланады. Бірақ демалыс берілмейді. Өзге елдердің (Боливия, Эквадор, Аргентина, Уругвай, Парагвай, Перу, т.б.) күнтізбесінде 8 наурыз мерекесі жоқ.*



**Деректер интернет көзінен алынды.**

## деген екен...

# МҰСАБЕКТІҢ БІРДЕҢЕСІ ӨЗІНДЕ ШЫҒАР

Қызылорданың әйгілі айтыскер ақыны Айдос Рахметовтің ағасы Қитарбекті ел-жұрт «Сары жырау» деп атапты. Сол Сары жырау мен туған інісі Мұсабектің түр-әлпеті бір-бірінен айнымапты. Тура сойып, қаптап қойғандай дейді.

Бірде Сары жырау бір шарауаларымен банкке барыпты. Банкте қызмет көрсетіп отырған қыз Қитарбек қарияны Мұсабекке ұқсатса керек. «Аға, сіз, Мұсабек Рахметовтің бірдеңесі емессіз бе?» – десе, Сары жырау жұлып алғандай кейіп танытып: «Ааа, шырағым, айналайын, Мұсабектің бірдеңесі өзінде шығар. Мен ағасымын» – деген екен.

**Айтақын МҰХАМАДИ.**



# «АЛАТАУ» - ХАЛЫҚҚА ЕҢ ЖАҚЫН БАСЫЛЫМ

| ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ: | ЦЕНА ПОДПИСКИ: |
| --- | --- |
| **РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ** | **С РЕДАКЦИИ** |
| 9 айға – 1980 теңге. | 9 месяцев – 1980 тенге. |
| 6 айға – 1320 теңге. | 6 месяцев – 1320 тенге. |
| **ОБЛЫСТЫҚ БАҒЫНЫСТАҒЫ ҚАЛАЛАР ҮШІН** | **ДЛЯ ГОРОДА НЕОБЛАСТНОГО ЗНАЧЕНИЯ** |
| 9 айға – 2575, 89 теңге. | 9 месяцев – 2575, 89 тенге. |
| 6 айға – 1717,26 | 6 месяцев – 1717,26 тенге. |
| **АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА** | **ДЛЯ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ** |
| 9 айға – 2743,47 теңге. | 10 месяцев – 2743,47 тенге. |
| 6 айға – 1828,98 теңге. | 6 месяцев – 1828,98 тенге. |

# 25% жеңілдікпен жазыл!

**Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Қазір елімізде мемлекеттік мерзімді баспасөздерге жазылу аяқталды. Десек те, біздің «Алатау» газетіміз халықтың сұрауы бойынша, бағасы 25% жеңілдікпен «Өз сүйікті газетіңе жазыл» акциясын ұйымдастырып отыр. Сіздің енді кез келген «Қазпошта» бөлімшесінде еш кедергісіз «Алатауға» жыл соңына дейін жазылып, ұтысқа ие болу мүмкіндігіңіз бар.**

АКЦИЯ



Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ — редактордың орынбасары
Гүлназ ЕРДАУЛЕТОВА — тілші
Данагүл БЕРЕКЕТ — тілші
Ақбаян АҚЫБАЕВА — тілші

Кезекші редактор: Ш. ЖЕҢІСҚЫЗЫ.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; факс: 41-09-29
E-mail: alatau_offset@mail. ru
E-mail: www. alatau. kz@mail. ru

Газет 07. 08. 2001 жылдан бастап шығады.

Таралымы 6898
Тапсырыс №369
Индекс 15534